

КЕННЕТ ТЭЙЛОР

АСПАН, ХАНЗАДА ЖӘНЕ
БАСҚАЛАР ТУРАЛЫ

КЕННЕТ ТЭЙЛОР

АСПАН,
ХАНЗАДА
ЖӘНЕ
БАСҚАЛАР
ТУРАЛЫ



Құрметті ата-аналар!

Сіздерге ұсынылып отырған бұл кітап – Киелі кітап әңгімелерінің жинағы емес. Мұны „Мәсіх жолын қуушылар ілімінің қысқаша кіріспесі“ – деп айтуға да болады. Бұл кітапта қунәкарлық, аспан, Иса Мәсіх және көптеген басқа жайлар туралы жазылған.

Киелі кітап әңгімелері жарияланған кітаптар аз емес, бірақ балалар дін туралы ілімнің әлі де болса кең тарамаған негізімен таныс болғаны абзал.

Біздің балаларымыз Киелі кітаптың тамаша аныз әңгімелерін біліп қана қоймай, әр шежіренің терең мағынасын да түсіну керек. Оларда жазылған уақыфың анықтығына және өздері үшін маңыздылығына балалардың көздері жетуі қажет. Біз бұл жолы балаларға Киелі кітаптың аңыздарын және оның ілімінің бір-бірімен байланысын қысқа әрі қызықты етіп баяндауға тырыстық.

Кітапты 7 жастағы бала оқыса да үғады, 12-13 жасар балалар үшін де қызығылықты. Сонымен қатар біз балаларға Киелі кітап жайлы жазылған әңгімелері бар кітаптарды құнделікті оқуды үағыздаймыз, мысалы: „Балаларға арналған Киелі кітап“, „Құдайтағала – жаратқаным менің“. Аталған екі кітап бірін-бірі толықтырады, бірақ қай-қайсысы болмасын Киелі кітапқа жетпейді. Тіпті бірінші класқа барған балаға да дұрыс бағыт берсең, Марқа мен Лұқа жазған Ізgi хабарды оқи алады. Бала кітапты оқымастарын болу керек, сонда ғана,

05.108

АСПАН, ХАНЗАДА ЖӘНЕ БАСҚАЛАР ТУРАЛЫ

ТӘЙЛОР КЕНННЕТ

This book was first published in the
United Staates by Moody Press.
Copyright 1968 in the name of
Moody Bible Institute of Chicago, Illinois.
Copyright was reassigned to Kenneth Taylor in 1982.
Translated by permission.

Taylor N., Kennet
«Devotion for the Children's Hour» in Kazakh.
Кеннет Тэйлор
Аспан, ханзада және басқалар туралы.
Қазақ тіліндегі, бірінші басылуды, 103 бет.
© 1993 «Шығыс Сәулесі» баспасы, Алматы

ол оқып отырып өздігінен түсіне алады. Ондай дайындығы бар бала, көптеген жеңілtek мінезден аулақ болады. Киелі кітап ілімі бала үшін түсініксіз бұлдыр болса, онда оның мұқтажын шеше алмайды, ал егерде жастайынан шын берілсе онда ол серік болады.

Құдай Сөзі – бұл сенімді күш, мықты қорған. Бұл кітап балаларға осыны түсіндіреді.

Бұл кітапты семьяда күнде оқыған жөн. Мұны балаларға, сабақ ретінде де пайдалануға болады.

Әр әңгіменің соңындағы дұға жайлы да бірер ауыз сөз айта кетейік. Оны оқымаса да болады. Кейбір атап-аналар дұғаны оқымай қалдырып кеткенді жөн көреді, ал кейбіреуге дұға өзінің пайдасын тигізуі мүмкін. Қандай жағдайда болмасын, ұсынылып отырған дұға аздық жасайды, сондықтан әр дұға жасаушы өз ойындағысын өзінше айтуы керек. Бұл кітапты баламен бірнеше рет қайталап оқу керек. Спердженнің айтуыша: бұрын бұршақ еккенде, шұңқырға үш бұршақтан салыпты, бірі жердегі құрт үшін, екіншісі құс үшін, үшіншісі дән алу үшін.

Құдай сөзін балаға аздал бір-бір сөзден, Киелі кітап шындығын ұққанша қайталай отырып, қашан есінде жатқа сақтағанша үрету керек.

1. БІР ФАНА ҚҰДАЙ БАР

Кей елдерде Киелі кітапты оқымайтын халық Құдай туралы аз біледі, жаратушыға сенеді, бірақ әлемде Құдайды бірнеше деп ойлады. Біреулері Құдай екеу деп ойлады, ал қайсыбірі төртеу деп сенеді. Кей халық жүз, тіпті мың Құдай бар деп санайды. Күн мен Айды да құдай деп сиынып, өзінің мұн-мұқтажын айтып жалбарынатын ел де бар.

Бізге Күн мен Ай ойлағанымыздай көмектесе ала ма? Әрине, жоқ! Оның өзін Құдайтағала жаратқан, сондықтан олар Құдай бола алмайды. Біз Жаратушы иенің жаратқан затына емес, өзіне табынуымыз керек.

Перштеге сиынуға бола ма? Олар да Құдай болып есептеле ме? Ол да жоқ. Перштeler тірі жәнтіктер есебінде. Перштeler біздің айналамызда жүр, бірақ біз оларды көре алмаймыз, оларға табынуға болмайды. Олар Құдай емес, Жаратушының айтқанын орындаушылар. Перштelerді Құдай Өзі жасады. Олар Құдайды жақсы көреді, сондықтан Оған қызмет істейді. Перштelerдің санының көптігі соншалық, біз оның қанша екенін айта алмаймыз. Біз сиынған Құдайдан басқа аспанды Құдай бар ма? Бұл сұраққа сендер мына қысқа мысалды оқыған соң жауап бере аласындар.

Бір дін басшысы, Танядан неше Құдай бар екенін білгісі келіп:

– Таня, әлемде неше Құдай бар? – деп сұрады.

Таня былай деді:

– Біреу.

– Оны сен қайдан білесің?

– Себебі әлемде басқа Құдайға орын жоқ, – деді кішкентай қыз. – Біздің Құдай бүкіл аспан мен жерді қамтып тұр.

Бұл өте орынды жауап. Сондықтан біз Құдайды, Ол жаратқанның бәрінен де артық суюіміз керек.

Oку үшін: Мысырдан көшу 20:1-6

Сұрақтар: 1. Әлемде қанша Құдай бар?

2. Біз Құн мен Айға табынып жалбарынсақ олар бізді ести ала ма?

3. Періштеге сиыну қажет пе? Олар Құдай-дың санына жата ма?

Дұра: Біздің Аспандағы құрметті Әкеміз! Біздің жалғыз жаратушымыз! Өзің жасағанның бәрінен мықты болғандығың үшін құдіретіне құлдық етеміз. Бір Өзінді шын жүректен сүйіп, адап қызмет ету үшін ниетімізді қабыл ал. Біз мұны, Иса Мәсіхтің атынан отінеміз. Эумин.

2. ҚҰДАЙ ДЕГЕН КІМ?

Құдай – ерекше тұлға. Ол аспанда тұрады. Киелі кітапта айтылған аспан, – біз күнде көріп жүрген, бұлттар жүзген, самолеттер ұшқан кәдүілгі аспан емес. Құдай тұрған аспанды біз ешқашан көре алмаймыз. Біз Құдай аспанда дегенімізбен, ол аспанның қайда екенін білмейміз. Бірак, оның ғажаптығын білеміз және сонда барғымыз да келеді. Егер біз Құдайға құлдық жасасақ, онда біз өлгеннен кейін Құдай тұрған жерге барамыз және періштелерді кездестіреміз.

Құдай – Рух екенін білесіздер ме? Құдай – денесі жоқ ерекше тұлға. Сенде де, менде де дene бар, ол денеде рух бар. Ал Құдайға дene керек емес.

Ол жарық дүниедегі ең ерекше таңқаларлық болмыс. Ол ешқашан қателеспейді. Құдайдың ұлылығы соншалық, Оның қолынан келмейтін нәрсе жоқ. Не істеймін десе де бәрін жасай алады. Құдай бүкіл әлемді: аспан мен жерді, шөп пен ағашты, күнді, айды, жүлдіздарды жаратты. Ол періштелерді, сені және мені жаратты. Көзге көрінетін және көрінбейтіннің бәрін-бір Құдай жаратты. Ол күнді құркіретеді, найзағайды ойнатады, жаңбыр мен қарды да жаудырады.

Сонымен, Құдай қайда тұрады? Біз Оның, мекені – аспан екенін естігенбіз, бірақ, Ол біздің ортамызда да жүр, айтқанымыздың бәрін естиді. Бір мезгілде Құдайдың барлық жерде болып үлгеруі таңқаларлық жағдай емес пе? Ол үлкен мұхиттардағы кемедегі жолаушыны да шығарып салады, шет елге шыққан

керуенді де қорғап жүреді. Ал біз олай жасай алмаймыз, біз бір орнымызда тұрамыз. Құдай болса бір сәтте барлық жерде болып үлгере алады.

Ең кереметі – Жаратушы бізді жақсы көреді және бізге көмектеседі. Біз де Құдайды жақсы көреміз, күнәға батып, оны ренжіткіміз келмейді.

Оқыушын: Ишая 6:1-8

Сұрақтар: 1. Құдайдың денесі бар ма?

2. Ең құрығанда, Құдайдың қазір қайда тұратыны туралы екі жерді айтшы?
3. Құдай қараңғы жерде, тұнде көре ала ма?

Дүра: Біздің аспандары Ұлы Құдайымыз! Бізге үнемі шапағатың тиіп жүргендіктен біз саған ризамыз. Әтумин.

3. ҚҰДАЙ ҚАЙДАН ПАЙДА БОЛҒАН?

Біздің Құдай туралы естігендерімізді түсіну өте қыын. Мысалы, Ол бір мезгілде бар әлемде бола алады дегенді ұғып көрейікші. Құдай оның сырын бізге айтқан жоқ. Бірақ біз күндердің күнінде оның жауабын аспаннан ала аламыз.

Құдай қайдан жаратылған? Оның әке-шешесі бол-

ған ба? Жоқ, Құдайға әке мен шешенің керегі болмаған. Ол ешқашан туған да емес, бала болып аспанда өскен де емес. Ол әрдайым бар болатын және Ұлы болатын. Ол күні бүгінге дейін еш өзгерген жоқ.

Құдай сен тіпті сенің ата-бабаң тумай тұрғанда болған. Бұл дүниеде ағаш та, жер де, шөп те, аң да болмаған кезде Құдай бар болатын. Ол мәңгі жасайды.

Біз де мәңгі жасаймыз. Құдай бізді сол үшін жаратқан. Біз жер устінде мәңгі болмаймыз. Біздің денеміз күндердің күнінде қартаяды, содан кейін бізге жерді тастап кетуімізге тұра келеді. Біз тіршілікте Құдайды шын сүйсек, онда Құдайдың қасына мәңгі өмір сүрге бара аламыз. Құдайды жақсы көрудің орнына өзін-өзі жақсы көретін небір ақымақтар жер бетінде аз емес. Ол адамдар өлген соң Құдай оларды аспанға қабылдай алмайды. Олар мәңгі бақи қараңғы қапаста қалып, Құдайдан бөлек болады.

Біз де мәңгі өмір сүретін болғандықтан, өзімізді жер бетінде қалай ұстауды бақылауымыз керек. Бір бай адам өзінің мәңгі өмір сүретінін ұмытып кетіпті, мен сіздерге соның тарихын айттып берейін.

Оның егіні бітік болып, мол өнім алды. Қоймалары дәнге сықа толды. Бай байыған сайын қалтырауық болады деген ғой, ол астығын қымбатқа сатып, одан сайын баюды ойлады.

„Неткен ғажап! – деді ол өзіне-өзі. – Енді маған бұдан былай жұмыс істеудің қажеті жоқ. Не сатып алсам да, көнілім нені қаласа да, – бәрін алуға шамам жетеді!“

Тұнде төсекте жатқанда да ойынан байлық кетпейтін. Кедейлерге қарасу керектіті қаперіне де кірмеді.

Ол сол түні өліп қалды. Енді оған Құдай алдында есеп беруге тура келді. Құдайға қызмет етіп, аурулар мен кедейлерге қарасып тұру керектігі, оның есіне сонда ғана түсті. Бірақ, олай етуге тым кеш еді.

Менінше, сендердің ешқайсыларың осы бай сияқты ақмақ болмайсындар!

Oқыушін: Лұқа жазған Ізгі хабар 12:16-28.

- Сұрақтар:*
1. Құдайдың туған күні бар ма?
 2. Жер бетіне тау мен ағаш болмай тұрып Құдай болды ма?
 3. Құдай қай уақыттан бері бар?
 4. Өлгөн соң қанша өмір сүресін?

Дүре: Аспандағы Әкеміз біздің! Мәңгі өмір бергенің үшін, біз Саған ризамыз. Бізге Өзінді ренжітпей, өмір сүру үшін жәрдемдес. Осының бәрін Иса Мәсіхтің атына бағыштадық. Эумин.

4. ҚҰДАЙДЫҢ ҚАЙДА ЕКЕНІН КӨРМЕСЕК, ОНЫҢ БАР ЕКЕНИНЕ ҚАЛАЙ СЕНЕМІЗ?

Кім желді көре алады? Мен оны көре алмаймын, оны, әрине, сен де көре алмайсың. Бірақ біз желді көре алмағанымызбен жел барын білеміз. Жел соққанын басымыздағы желбірекен шашымыздан, сыйдырлаған шөп пен майысқан бұтақ арқылы сеземіз. Ал желдің өзін ешкім, еш қашан көрген емес.

Сол сияқты Құдайды да көре алмаймыз, бірақ, Оның, бар екенін білуге болады. Біз оны істеген ісіне қарап танимыз.

Құдайдың бар екенін дәлелдейтін Ол атқарған бірнеше істі айта аласың ба?

Мысалы, жұлдыздарды, күнді, айды айталақ. Олар аспанға өз беттерімен барып орналасты ма? Әрине, жоқ. Оларды әйтеуір біреу орналастырған фой. Сен күнде көріп жүрген үй де жер астынан өзі шыққан жоқ, оны да біреу түрғызыды. Аспанда самсаған жұлдыздарды көргенде, олардың да онда өздігінен бар-мағанын білеміз. Жұлдыздарды да әйтеуір біреу аспанға апарып, сол жерге койды фой. Сол „әйтеуір біреу“ деп отырғанымыз – Құдай.

Біз Құдайды неге көрмейтінімізді білесің бе? Құдайдың ғажаптығы мен тамашалығы соншалық, біз Оны көргенде өліп кетуіміз мүмкін. Егер біз Құдайдың айтқанын еш мұлтіксіз орындастын болсақ, күндердің күнінде Ол бізді Өзіне, аспанға әкетеді де, біз оның дәуірлеп түрғанын көреміз.

Біз, дәл қазір, Құдайды көрмесек те, біз Оның бар

екеніне сенеміз және жақсы көреміз. Киелі кітап бізге Құдай туралы, Оның құдіреті мен күші жайлы айта отырып, Оны жақсы көргөше шақырады. Олай ету үшін Құдайдың, Өзін көру шарт емес.

Бір ейел өзінің қызына, – Құдайды жақсы көр, – деп міндеттепті. Қызы шешесіне айтыпты:

– Апа, мен Құдайды қалай жақсы көрем, егер оны бірде-бір рет көрмесем?

Бірнеше күн өткен соң, әлгі қызы, өмірі өзі танымайтын бір тәтейден почта арқылы сәлем-сауқат алышты. Қызы абылап, келген нәрсөні ашып қараса, ішінде әдемі суретті кітапша екен. Таңырқап, көп қарап болған соң, қызы шешесіне келді.

– Апа, не деген керемет кітап! Мұны жіберген тәтей неткен жақсы адам!

– Кім жібергенін білмейсің фой, сен.

– Оның рас, білмеймін, сөйтіе тұра, ол кісінің мейірбан екенін сеземін. Мұндай жақсы кітапты тек жақсы адам жібереді.

Біз де солай, Құдайдың Өзін көрмесек те, Оның Өзін жақсы көре аламыз. Құдай бізге көп нәрсе: басымызға баспана, әке мен шеше, тағы басқа игілікті істер сыйлады. Сондықтанда біз Оны құрметтеуіміз керек, әзірше Оны көре алмасақ та, Оған деген алғысмыз азаймау керек.

Оқы үшін: Бастау 1:14-28.

Сұрақтар: 1. Сен желді көре аласың ба? Желдің бар екенін қайдан білесің? Бірнеше мысал келтір.

2. Құдайды көре аласың ба? Оның дүниеде бар екенін қайдан білесің?
3. Оны қашан көреміз?

Дұға:

Қымбатты Тәнір! Біз Сен көрсеткен құдірет арқылы бар екеніңе сенеміз және ризашылық білдіреміз. Самсаған жүлдіздар, күн мен ай – Сенің құдіретің, – деп білеміз. Сол үшін біз күндердің күнінде Сенің жүзінді көреміз, – деп ризашылық білдіреміз. Эумин.

5. ӘКЕ ҚҰДАЙ, ҰЛ ҚҰДАЙ ЖӘНЕ ҚАСИЕТТІ РУХ ҚҰДАЙ

Біздің білуімізше дүниеде бір-ақ Құдай бар. Бізге енді өте үқыптылық керек, себебі, келесі айтылатын әңгімені түсіндіру қыын. Киелі кітаптың ішінде осы тақырып ең маңыздысы, әрі ең қыыны.

Біздің Аспандагы Әкеміз – Құдай. Бірақ сіздер Иса Мәсіхтің де Құдай екенін білесіздер ме? Сол сияқты, Қасиетті Рух та Құдай. Бірақ үш Құдай болғанымен Құдай үшеу болады деп ойламаңдар. Біздің жаратушымыз, үш бірліктен тұрады. Бұл үш Тұлға – Әкесі, Ұлы және Қасиетті Рух қалайша бір Құдай болып саналады? Мұмкін, Иса мәңгілік Құдайдың басқа аты

шығар? Жоқ! Экесі, Ұлы және Қасиетті Рух бір Құдайдың әр түрлі аты емес. Құдай атқаратын міндеттер белініп берілген. Аспан мен жерді жаратқан Әке Құдай мен Ұл Құдай. „Мен және Әкем – біртұтас“, – дейді Иса.

Иса қайта тірілген соң Әке Құдайдың жаңынан орын алу үшін аспанға қайта оралды. Бізге Ол Құдай болып саналатын Қасиетті Рұхты жіберді. Қасиетті Рух Мәсіхке сенетін адамдарда болды.

Қалай болса да, жаратушы бір ғана Құдай бар. Кәне, үш бірліктің бір Құдай болғанын елестетіп көрейікші. Жонышқаның жапырағына қараңдар. Оның үш жапырақшасы болса да, бір жапырақ болып есептеледі. Немесе, мысалы, суды алайық. Әдette ол – сүйік зат. Қатты тоңазытсан – мұзға, қайнатсан – буға айналады. Бірак, су, мұз, будың негізгі құрамы біреу-ак. Осы мысал сендерге Құдайдың да үш бірліктен тұратынына сенулеріңе көмектеседі. Бірақ, біз мұны аспанға барғанда ғана толық түсінеміз.

Бізге мұны түсінудің бір керектігі – Исаны көпшілік ел Құдай деп санамайды. Ол егер Құдай болып саналmasa, онда бізге Құтқаруышы да бола алмас еді. Егер де үш бірлік туралы ілімді толық түсінбесендер, сендер оған ренжімендер. Түсінбегендеріңе қарамай-ак, Құдайға сеніп, Оның айтқанын орындаі аласындар.

Оқу үшін: Марқа жазған Ізгі хабар 1:9-11,
Жохан 16:7-15

Сұрақтар: 1. Біз бірнеше Құдайға ма, әлде бір ғана Құдайға сиынамыз ба?

2. Біздің Құдай үш Бірліктен тұрады. Сен оларды атай аласың ба?

Дүгə:

Ұлы Құдай, біздің Аспандығы Әкеміз! Біз Сенің құдіретінді толық түсіне алмаймыз. Біз Саған, бізді жақсы көргенің үшін ризамыз. Өзінді бұдан да жақсы көруге және құрметтеуге көмектес. Біз мұны Иса Мәсіхтің атынан сұраймыз. Әумин.

6. ҚҰДАЙ АДАМДЫ НЕ ҮШІН ЖАРАТҚАН?

Құдай бізді не үшін жаратқан және біз неге өмір сүреміз?

Құдай бізді Өзін жақсы көруге және құрметтеу үшін жаратқан. Бізде Ұлы және кеңпейіл Құдай бар, сондықтан Ол бізден Өзіне риза болып қуануымызды күтеді. Соңдай-ак, Құдай Өзінің бізге деген ұлы махаббаты барын есте ұстауымызды тілейді. Құдай бізге деген Өзінің ұлы махаббатын біздің күнәміз бен айыбымымызды мойнына көтерген Иса Мәсіхті – өлімге жіберу арқылы көрсетті. Құдайға біз шын жүректен риза болуымыз керек, себебі, біз Оның балалары бола аламыз. Бұған қоса, Құдай бізден ағайын-туғандарымызды да жақсы көруімізді күтеді. Құдайдың бізді жақсы көрүі бізге басқаларды жақсы көрү үшін күш береді.

Құдай адамды не үшін жаратқанын үктындар ма? Ол бізге керектінің бәрін жасады. Енді біз Құдайдың даңқын көтере аламыз. Оны жақсы көріп, Оның тілегін орындаі аламыз.

Ал Сен Оны жақсы көресің бе? Сөйту үшін Ол саған фұмыр береді.

Мен Құдайды өте жақсы көрген бір адам туралы естідім. Ол Құдайға ұнайтын өлеңді айтатын. Қайсы-біреулер оған, – даусың жаман ғой, одан да айтпайқ қойсаңшы, – дейтін. Сонда әлгі адам: „Менің Аспандары Әкем даусым қарғадан да жаман қарқылдаса да риза болады“, – дейтін.

Егер біз Құдайды сүйсек, онымыз естіліп, әрі көрініп тұруы керек. Оған Құдай қуанады.

Оку үшін: Жырл. 146

Сұрақтар: 1. Құдай бізді не үшін жаратты?

2. Құдай бізді Өзіне арнап өмір сүру үшін жаратты. Біз тек қана өзіміз үшін өмір сүре аламыз ба?

3. Сендер қалай ойлайсындар? Даусымыз нашар болса да біздің салған әнімізді Құдай естігісі келе ме?

Дұра: Аспандары жаратушы Әкем, бізге қайырымды болуға көмектес. Сенің даңқынды арттыру үшін және даңқың үшін өмір сүруге көмектес! Біз сенен мұның бәрін Иса Мәсіхтің атынан өтінеміз. Эумин.

7. ҰЛЫ ЖАРАТУШЫ ТУРАЛЫ АЙТА ТҮСЕЙІК

Сен көп білесің бе? Сен машина, самолеттер туралы білесің, сондай-ақ көптеген жайды оқи да аласың және жазасың. Бірақ, сенің ата-анаң сенен де көп біледі. Адам өмір бойы үйренеді. Эйтсе де өмірден қанша үйренгенімен, білмегенін үйренуге уақыты жетпей қалады.

Бәрін білетін Біреу бар: Ол – Құдай. Ол бәрін Өзі жасайды және бәрін де біледі. Ол сенің қазір не ойлап отырганыңды да біледі. Ол тіпті бұдан бұрынғы мындаған жылдарда не болғанын да, болашақта не боларын да біледі. Құдай сенің Оны тіпті жақсы көретініңде, жақсы көрмейтініңде де біледі. Құдайды ешкім алдай алмайды, себебі, Ол барлық жерде болып, біліп үлгереді және ештеңені ешқашан ұмытпайды.

Құдайдың Өзі қажет деген нәрсенің бәрін жасауға құдіреті жетеді.

Құдайтағаланың қолынан келмейтін ештеңе жоқ. Құдай науқасты та сауықтырып жібереді. Ол дауыл соқтыра алады және оны қайта тоқтатады. Ұлы Құдай адамдардың күнәсін кешіріп, оларға мәңгілік фұмыр сыйлайды.

Құдайтағаланың тағы бір құдіреті біз үшін маңызды: Құдай өзгермейді. Ол кеше де, бүгін де сол күйі, әрі мәңгі. Ол ешқашан қартаймайды және қуаты азаймайды. Мүмкін сенің қартайып әлсіреген атаң мен әжең бар шығар. Адам өзгереді. Жас кезінде олардың күші де бар, денсаулығы да мықты, ал қартайғанда

бойдан күй кетеді. Құдай әуелде қандай болса, Ол ғасырлар бойы да сол күйінде қалады.

Құдай бізді сүйеді. Сондықтан бізге болашақты ойлаудың да Одан қоркудың да қажеті жоқ. Біздің Құдайымыз – таңғаларлық, және құдіреттінің құдіреттісі.

Оқыушын: Жырл. 8

- Сұрақтар:*
1. Құдай жаратқан бірнеше нәрсені ата?
 2. Бір Құдай фана білетін нәрсені ата?
 3. Құдай қартая ма?

Дүға: Біздің керемет және мәңгілік Құдайымыз, Аспандағы Әкеміз! Біз сенің қолыңдан бәрі келетіндіктен ризашылығымызды білдіреміз. Сондай-ақ, Сенің ешқашан өзгермейтіндігің үшін, Сенің бізге деген махаббатың үшін ризамыз және Сеннен өтінеміз: Сенің даңқыңды шығарып өмір сүру үшін бізге көмектес. Әумин.

8. ПЕРИШТЕЛЕР

Құдай адамды жаратпай тұрып, аспанда өмір сүретін тірі жәндіктерді жасады. Киелі кітапта бұл тірі жәндіктерді періштелер деп атайды. Біз оларды көре

алмаймыз, сөйлесе де алмаймыз. Бірақ, олар бізді көрді. Олардың кейбіреулері бізге өте жақын жүреді. Періштелер бізді әрі қорғайды, әрі бізге көмектеседі.

Бірақ, мұлдем оларға сеніп, еш қаперсіз жүре беруге болмайды. Олай етсек, Құдайсыз да өмір - сүрге болады, – деген ой келуі мүмкін. Құдай бізге өзің сақтанып жүрмесең де сақтаймын деген жоқ, бірақ періштелерге Өзінің балаларын қорғауды тапсырған.

Кейбір періштелердің өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, біз дін туралы Қасиетті Жазудан періште Жәбіретілді оқыдық. Бұл – Құдайдың айрықша елшісі. Пайғамбар Даниел Құдайға бірнеше күн қата-рынан жалбарынған соң Құдай оған осы періштені жіберді. Кейінірек осы періште Жакия Шоқынды-рушының экесі – Захарияға да келді. Сондай-ақ ол Мариямға келіп: Құдай оны, Иса Мәсіхке ана болуға таңдап алғанын айтты.

Біз бұған қоса архангел Михаил туралы да оқығанбыз. Ол Құдай жаратқан періштелерің ішіндегі ең құдіреттісі болып саналады.

Вифлеем егістеріне бір топ періштелер келді де, малшыларға Құтқарушының туғандығын қуана хабарлап, Құдайды мадақтап әнге қости.

Періштелерді де Құдай адам сияқты өзі жаратқан. Сондықтан біздің оған сиынуга хақымыз жоқ. Бір кездерде мүмкін сен де, – періште болғанға не жетсін, – дег ойлаған шыргарсың. Шындығында да, басқа біреу болғаннан гөрі, өзің болғаның жақсы. Періштелер – Құдайдың қызметшілері. Ал біз болсак, Құдайдың балаларымыз. Құдайдың баласы болғаннан артық еш-

тәнене жоқ. Құдай бізді мәңгілік өлімнен құтқарғаны үшін қуануымыз керек. Ол бізді мәңгіге қасына алуға үәде етті.

Бірнеше періштелерді көрген жас адамның оқиғасын айтып берейін. Ол адам пайғамбар Елисейдің қызметшісі еді. Пайғамбар Құдайдан халыққа Құдайдың құдіретін үағызыдау жайлы тапсырма алған болатын. Бұрынғыда күнәкәр болып жүре бергісі келген адамдарды пайғамбардың үағызы қатты ызсаландырды. Бірақ, пайғамбар үағызы айтудан тыылан мок. Сондықтан Елисейге қастық жасауға әрекеттенді. Содан соң патша, пайғамбарды жауапқа тартқысы келді. Оны тұтқындау үшін, Елисейдің тұрған қаласына бір топ әскерін жіберді. Бір күні, таңертең, бүкіл қаланы әскер қоршап алғанын пайғамбардың қызметшісі көргенде, пайғамбарға жүгіріп келіп:

— Енді қайттік? Біз әскердің қоршауында қалдық, сені тұтқындаамақшы, — деді айқайлад.

Сонда пайғамбар оған былай сөйлемеді:

— Қорықпай-ақ қой, Құдай біздің жағымызыда. Бізді құзететін періштелер айналамызыда жүр.

Елисей Құдайға сиына бастанды: „Жаратушым менің, қызметшімнің көзін аш, бізді қорғауға Өзің жіберген періштелерді көрсін“. Қызметші, Құдай қалап, өздерін қорғауға келген отты арбаларды көрді. Пайғамбар Елисей Құдайдан енді бұл келген әскерлерді уақытша соқыр етуді өтінді. Оның бұл айтқанында Құдай орындалды. Осылайша пайғамбар Елисей мен оның қызметшісі бір ажалдан аман қалды.

Оқу үшін: Елшіл. істері 12:5-17.

- Сұрақтар:*
1. Біз періштелер туралы не білеміз?
 2. Ең құдыретті екі періштенің аттары кім?
 3. Адам періште бола ала ма?
 4. Сеніңше қалай, Құдайдың баласы болған жақсы ма, әлде періште болу жақсы ма?

Дүға: Біздің Аспандағы Әкеміз! Өзіңе қызмет ету үшін періштелерді жараттың. Сенің періштелерің бізді қорғай жүргені үшін біз саған ризамыз. Біз Өзіңе бала болғанымыз үшін де ризамыз. Эумин.

9. ШАЙТАН ДЕГЕН КІМ?

Шайтанды біз көре алмаймыз, бірақ ол бар және үнемі бізге де Құдайға да бір жамандық жасағысы келіп жүреді. Ол әуелде Құдайдың ең ұлы періштесі болған. Сонан соң бас қызметкері болып, Құдай әмірін іске асырып жүрді. Құндердің күнінде ол Құдайға табынуды да, тындауды да қойды. Періштеге мұндай ой қайдан келгенін біз білмейміз. Періште Құдайды қызғанып, Онымен теңескісі келді. Содан бастып Құдаймен жауласып, күні бүтінгіде дейін Оған зауал жасау жолында жүр. Өзінің жауына Құдайдың шара қолданар уақыты болады. Тозақ деп аталатын орын бар. Шайтан және оған қызмет ететіндер соған түсіп, мәңгі азап шегеді. Шайтан жағына шығып кеткен періштелер де бар.

Мұндай тұрақсыз періштelerді Құдай сөзімен айтқанда әзәзіл, жын-пері дейді. Бұлар да шайтан сияқты, айналымызда рухтары ғана жүреді. Егер біз Исаны жақсы көріп, Оны жүргімізде сақтасақ, олар бізге еш зауал жасай алмайды. Шайтан мен әзәзіл Иса Мәсіхтен өлердей қорқады, себебі, құндердің қунінде Оның оларды мәнгілік тозақ отында өртейтінін біледі.

Шайтан бізді де жауыздық жасауға итермелейді. Сондықтан есте болсын: Шайтанды тыңдаған адам құнәкар болады. Кей жерлерде шайтанның арабауы қатты болады, ондай жерден біз аулақ болуымыз керек. Кейбір адамдар шайтанмен тілдеседі, ондай адамдарды спириттер деп атайды. Ондай кездерде шайтан өнін өзгертіп, тіпті қайтыс болған туысқаның сияқты болып келеді. Құдай Сөзінде мұндай адамдармен сөйлесуге тиым салынған. Шайтан және оның көмекшілері алдауыштар болып есептеледі. Бір ауылда тұрған баланы шайтан әбден азғыртты. Ол бала Иса Мәсіхті білмейтін еді. Бірде, әлгі баланың әкесі, Исаңың ауыл маңында екенін біліп, Исаға баласын ертіп барып, оның жүргегіне ұялаған жын-перілерді қууды өтінді. Иса оның бұл өтінішін орындалап, шайтанға ол балаға қайта жоламауды бүйірді.

Исаға шайтанның әлі келмейді, себебі, Иса Мәсіх – Құдай.

Оку үшін: Ишая 14:12-17

Матай жазған Ізгі хабар 17:14-18.

Сұрақтар: 1. Тозақ деген не?

2. Шайтан деген кім, ол бұрын кім еді?

3. Құдай мен шайтанның қайсысы күшті?
4. Шайтанның қандай мақсаттары бар?

Дүра:

Құдіреті күшті Құдайым, аспан мен жерді Жаратушы! Саған рақмет айтатын себебіміз, Сенің балаң болғандықтан, бізге шайтанның шамасы келмейді. Бұқіл қатыгез рухтар біздің Құтқарушымыз Иса Мәсіхтен корқатын болғандықтан, Саған ризашылығымызды білдіреміз. Бұл өмірден өткенше, Өзіңе адап болуға көмектес. Біз Сенен осыны өзіміздің Құдайымыз – Иса Мәсіхтің атынан өтінеміз. Әумин.

10. АДАМ-АТА МЕН ХАУА-АНАНЫҢ ЖАРАТЫЛУЫ

Біз жаратушының жұлдыздарды, жерді, андарды тағы басқаларды қашан жаратқанын білмейміз. Бі рак, Ол бұнын бәрін қалай жасағанын білесің бе? Мұның бәрін жасағанда Оған ешқандай құрал-сайманнның керегі де болмады. Мұның бәрін Құдай Өзінің Сөзімен ғана жаратты. Ол қүнге нұрынды түсір деді – күн нұрын шашты. Сондай-ақ, Құдай әр түрлі мал мен айуандарды, балық, құс, ағаш, шөп, және гүлді жаратты. Құдай жаратқан әлем сондай әдемі болды. Әуелде

тікен мен тікенек те болмады, аңдар да бір-біріне тиіспей, еркін жүрді.

Бәрін жаратып болған соң Құдай ең бірінші адамды: Адам-атаны жаратты. Киеle кітапта бұл оқиға былай жазылған: Жаратушы өуелі саз балшықтан адамның тұлғасын жасап, соナン соң оған жан бітірді. Ойландашты, алғаш рет Адам-ата жайнап тұрған бұл әлемді қөргенде қандай күйде еді? Құдай соның бәрін тек адам үшін жасады. Құдай тіпті адаммен сөйлесті. Адам-ата өзін қалай жаратқанын сұрағанда, Құдай оған бәрін түсіндіргендей болды.

Құдай тағы бір адамды жаратуды жөн көрді, ол Адам-атаға көмекші, – Хаяу-ананы жаратты. Әрине, ол Адам-атамен бақытты болды. Олардың ойында еш жамандық, жүректерінде кірбің болған жоқ. Құдай оларды жақсы көрді, олар Құдайды да жақсы көрді. Құдай адамды өзі жаратқаның бәрінен жоғары қойды. Адамның және әлемдегі басқалардың қалай жаратылғаны әрі құпия, әрі таңқаларлық. Солардың ішіндеңдегі ең үлкен кереметі – біздің Құдайды ақылмен танып, жүргегімізben сүйе алатындығымыз.

Oқы үшін: Бастау 2:7-25.

- Сұрақтар:*
1. Құдай Адам-атаны неден жасады?
 2. Құдай Жерді қалайша жаратты?
 3. Адам жаратылу тарихынан біз не үйрене аламыз?

Дұра: Біздің Аспандағы Экеміз! Біз Саған аспан мен жерді жаратқаның үшін ризашы-

лығымызды білдіреміз. Біз Сенің құдіретіңің күштілігі мен бізді жақсы қөргенің үшін ризамыз. Біз Сені бұдан да жақсы қөріп риза болып жүруіміз үшін көмектес. Эумин.

11. БҰЛ ӘЛЕМГЕ КҮНӘ ҚАЛАЙ КЕЛДІ?

Шайтан Құдайды тындағандақтан, Ол одан әрі қарай Құдайға қызмет ете алмады. Адам-ата мен Хаяу-ананың бақытты болғандығы және олар Құдайды жақсы қөргендегі шайтанның ішін күйірді. Сондықтан шайтан Адам-ата мен Хаяу-ананы Құдайға қарсы қоймақ болды. Осы ойым орындалса, адамдардың бақыты біtedі деп есептеді. Онда Құдай оларды мәнгілікке ұжымақтан қуып, сөзсіз жазалайды.

Құдай адамдарға бақшадаы өсіп тұрған ағаштың біреуінің жемісін жеуге тыйым салды. Шайтан Хаяуанаға келіп, сендер Құдайды тында масандар да, ол ештеме істемейді, – деді. Жаңағы жемісін жеуге шек қойылған ағаштан жесендер, барлық құпияны білетін боласындар, әрі оның жемісі сондай тәтті, – деп үгіттеді. Бұл сүмдық өтірік еді. Бірақ шайтанның сөзіне Хаяу-ана сенді. Ол аталған ағаштың жемісін үзіп алды да өзі жеді, өзімен бірге Адам-атаға да жегізді. Соナン соң не болғанын білесіндер ме? Адам-ата мен Хаяуана, әлгі жемісті жеген соң, жан тапсыра бастады.

Олар біраз уақыт өмір сүргендерімен, өмірлері бұрынғыдай бақытты болмады, күн санап қартайып, әлсіреп, көңілсіз күйге енді. Сондықтан Құдай оларды керемет бақтан қызып жіберді де, қайта жолатпай қойды. Бұдан соң Адам-атаның жерінде қайдағы арам шөп пен тікенектер қаптап, оның жердегі жұмысы сондай ауырлады. Бұл азаптың бәрі Құдайды тыңда-магандығының кесірі еді. Кейіннен олардың балалары мен неменелері де тыңдамайтын болып шықты. Осының бәрі Құдай Сөзіне құлақ асууды азайтқандығы-мыздың салдары.

Сен білесің бе, егер әлемде ешкім бір-біріне қастық жасасамаса, қандай жақсы болар еді. Онда ұры да, адам өлтіру де, соғыс та болмас еді. Эркім сыйтай болар еді, және бір-біріне көмектесер еді.

Адамдардың өзінің Жаратушысына қарсы шық-кан күні – олардың өміріндегі ең бір оңбаған күн болды. Бұл тыңдамағандықты Киелі кітапта күнә дейді.

Адам-ата мен Хаяу-ана шек қойылған ағаштың жемісін жегеннен ештеңе өзгермейді деп сенгені дұрыс болмады. Шайтан болса оларды әдей азғырды.

Шайтан барлық уақытта адамдарды алдап, бізді Құдайды тыңдамауға шақырады. Ол бізге: „Егер Құдайды тыңдамасандар, бақытты боласындар“, – дейді. Бұл шындық емес. Құдай Өзін тыңдамағандарды жазалайды. Адам-ата мен Хаяу-ананың көзі бұған тым кеш жетті.

Оку үшін: Бастау 3:1-19

Сұрақтар: 1. Шайтан Құдайды жақсы көре ме?

2. Ол сенің Құдайды жақсы көруінді қалай ма?
3. Хаяу-анаға шайтан не айтты?
4. Адам-ата мен Хаяу-ана шек қойылған ағаштың жемісін жеген соң оларға не болды?

Дұға:

Аспандағы біздің Әкеміз! Біз Өзінді жиі тыңдамағандығымызға қатты өкінеміз. Бізге Өзінді тыңдауға көмектес. Сондай-ақ шайтанның сөзіне алданбау үшін де көмектес. Біз мұны сенен Иса Мәсіхтің атынан өтінеміз. Әумин.

12. ҚҰДАЙДЫҢ ОЙЫНДА – ҚУНӘДАН ҚҰТҚАРУШЫНЫ ЖІБЕРУ

Біз Адам-ата мен Хаяу-ананың күнәға батқан қасретті күні жайлы естідік. Олар өздерінің дүшпаны шайтанды тыңдап, соның кесірінен үлкен бақытсыздыққа душар болды.

Бірақ бізді жақсы көріп жаратқан Құдай, адамдардың жүрегінде ашудың болмауын тіледі. Ол алғашқы адамдарды күнәсі үшін айыптағанымен оларды мұлде жек көріп кеткен жоқ. Құдай сені де жақсы көреді, сен Оны жиі-жій өзінің кейбір жаман қылықтарыңмен ренжітіп жүрсөн де, саған теріс қарамайды.

Құдай сені де, мені де жазадан құтқарғысы келеді. Бұл жазадан адамдарды арашалап қалуды өз мойнына алған Жаратушы – жерге Өз Ұлын – Иса Мәсіхті жіберуді үйғарды. Иса жер бетіндегі барлық адамның жасаған күнесі үшін жазалануға тиісті еді.

Сондықтан Иса Вифлеем деген жерде нәресте болып туды. Ол сол жерде өзге балалар сияқты ер жетті, бірақ ешқандай күнә жасаған да жоқ, ешкімге жамандық ойлаған да жоқ. Құдай Өзінің Ұлын сенің және менің күнәміз үшін жазалады. Қатыгез адамдар Исаны айқыш ағашқа әкеліп шегелді де, Ол бәріміздің күнәміз үшін сол жерде өлді. Иса біз үшін қандай азап шеккенін қазір елестете де алмаймыз. Ол Өз еркімен біз үшін қайғы-қасірет көрді. Дәл осы жағдай Оның бізге деген маҳаббатын көрсетеді.

Бірде, ұрлық жасаған адамды тұтқындаған еді. Оны сот алдына әкелді. Бір ғажабы, сотталушы соттың бұрынғы досы екен. Сот әділ болу керек, сондықтан ол қандай жақын жолдасы болғанымен, бұл күнесі үшін оны айыптамай жібере алмады. Сот: ұры – алған ақшаны қайырып, бір ай түрмеде отырады деп, – үкім етті.

– Біrap бұл ақша менде қазір жоқ қой, – деді ұры.
Осы жерде сот таң қаларлық іс істеді.
– Жақсы, – деді ол. – Сенің қарызыңызды мен-ақ төлейін.

Сөйтті де ақшасын суырып берді.
– Ал енді, – деді сот, – мен сен үшін түрмеде отырайын. Сен үйіңе қайт, семьяңа бар.
Сөйтіп бір ай бойы сот түрмеде отырды, ал ұры болса босанып, үйіне қайтты, семьясына қосылды.

Құдай да дәл осылай жасады. Өз күнәміз үшін, бәріміз де жазалануымыз керек еді. Бұл жаза – мәңгілік өлім, Құдайдан мәңгілік аластан кету болды. Бірақ, Иса біздің күнәмізді Өз мойнына алып, біздің мәңгі өмір сүруіміз үшін Өз өмірін қиды. Меніңше, Оның бізге деген ұлы маҳаббатын ешқашан тиісті дәрежеде ақтай алмаймыз. Ал сен қалай ойлайсың?

Oку үшін: Лұка жазған Изгі хабар 22:39-46 және 23:27-38.

Сұрақтар: 1. Құдай сені неге қатты сүйеді?
2. Сенің Құдайға деген сүйіспеншілігің қандай?
3. Құдайға деген сүйіспеншілігінді сен қалай көрсете аласын?

Дүгə: Аспандығы Экеміз! Құдайымыз – Иса Мәсіхтің бізді жақсы көріп, айқыш ағашта өлгенін жақсы білеміз. Исаны шын жүргімізben суюге бізге көмектес. Барлық өмірімізді Саған қызмет ету үшін арнағымыз келеді, жүргімізді де тек Өзіңе ұсынамыз. Эумин.

13. БІЗДІҢ МЕЙІРІМДІ ҚОЛДАУШЫМЫЗ

Иса аспанда не істеп жүргенін сен білесің бе? Кімде-кім шын жүректен сенім білдірсе, Ол оған да ара түседі. Шайтан Құдайға келіп, біздің істеген күнелрімізді шетінен тізіп айтқан кезде, Иса тұрып: „Мен олар үшін айқыш ағашта өлдім“, – дейді. Ол бізге қателерін қайта тұзетсін деп, Өзінің Қасиетті Рухын жіберіп, істеген күнәмізді көрсетіп тұрады.

Иса біздің мейірімді Қолдаушымыз. Ол Құдайдың баласы қалай өмір сұруғе тиісті болса, бізге де солай өмір сұруғе көмектеседі.

Алайда, Иса бізді ғана емес, басқа да адамдарды жақсы көретінін ұмытпауымыз керек. Ол бізге басқа адамдарға да, Құдай жөнінде айтуға көмектеседі. Барлық жерде Иса Мәсіхтің біз үшін өлгөнін айтып жүруімізді қалайды. Ол Өзінің балаларын басқа адамдармен кездессін деп, әр жерге жібереді. Осылайша, көптеген адамдар өздерінін құтқарылатыны жөнінде қуанышты хабар естиді. Иса барлық адамзатты жақсы көреді, тіпті Өзі жайлы білгісі келмейтіндерге де теріс қарамайды.

Оқы үшін: Румдіктерге хат 8:35-39

- Сұрақтар:*
1. Иса аспанда біз үшін не істейді?
 2. Исаның, бізге деген махаббатын неден көреміз?
 3. Біз барлық адамдарға не туралы айтуға тиістіміз?

Дүре:

Аспандағы біздің Әкеміз, бізге деген Сенің ұлы махаббатың үшін, және Сенің қолың-нан бізді ешкім тартып ала алмайтындығы үшін рақмет айтамыз. Өзінді сүюге және Сенің ырқында болуға көмектес. Құтқару-шының құдіретін елге айтып жеткізу үшін бізге күш-жігер бер. Мұның бәрін біз Сенінен, Құдайымыз – Иса Мәсіхтің атынан етінеміз. Әумин.

14. ЕГЕР ИСАФА, – ТЕК МЕНИҢ FAHA ҚҰТҚАРУШЫМ БОЛА ГӨР, – ДЕП ӨТИНСЕК НЕ БОЛАДЫ?

Құдай мәңгілік. Оның бастауы да, бітуі де жоқ. Ең басында адам да, біздің жер де болған жоқ. Құдай тек мәңгілік қана емес, ол бәрін де ілгері бастайды. Ол атам заманында-ақ, сенің қашан туатыныңды білген және сені жақсы көрген.

Сондай-ақ, күндердің күнінде сенің жасайтын күненді де білген. Күнәң үшін ол ренжіді. Ол сені осы күнәң үшін айыптастынын да сезді. Бірақ, Ол сені айыптағысы келмей, күнәңі Өз мойнына алды. Иса аспандағы туған Әкесінің үйін тастанап, менің және сенің күнәнді көтеру үшін жерге келді. Бұл бұдан 2000 жыл бұрын еді. Иса барлық адамдар үшін өлді. Сен

Одан енді, өзімнің жеке құтқарушым бол, – деп сұрауыңа болады. Мүмкін, сен мұны қалай жасау керек екенін әлі білмейтін шығарсын. Бұл онша қызын емес. Иса біздің күнәләрімізден тазаланғымыз келетінін баяғыда-ақ білген. Ол біз дұға оқығанда өзіміздің тілегімізді қоса айтуымызды ұнатады. Мысалы, былай: „Қымбатты Иса, менің өмірде істеген көптеген күнәләрім бар және Сен жиңи ренжіттім. Кешір мені! Сен жерге келіп менің күнәмді көтердің және мен үшін Өз өмірінді құрбан еттің. Менің мәңгілік өмір сүруім үшін Сен айқыш ағашта өлдің. Сенің маған деген мейірімің үшін мен ризамын. Мен өзіме-өзім ешқашан кемектес алмадым, ал Сен мені мәңгі құтқардың. Соған мен ризамын. Эумин“. Саған әрине тұра осы сөздерді қайталап айтудың да қажеті жоқ. Сен өзіңше, өз сөзіңмен дұға окуыңа болады.

Иса өзіміз істеген күнәмізға кешірім сұраганда қуанады. Мүмкін, сен одан осылай етінген де боларсың? Егер кешірім сұрамаған болсаң, онда тұра қазір сұра. Құдай сенің қашан сұрайтыныңды құтіп жүр.

Оқу үшін: Жохан жазған Ізгі хабар 3:1-18

Сұрақтар: 1. Сенің күнәләрің үшін кім жазаланды?
2. Иса біздің Құтқарушымыз болу үшін, біз не істеуіміз керек?

Дүсег: Бізді сүйетін Иса! Мен өзіме мәңгілік өмірді еш нәрсемен актай алмайтынымды білемін. Бірақ Саған шын көнілден ракметімді айтамын, себебі, Сен менің Құтқарушым-

сың. Сондай-ақ Сенімен аспанда мәңгі бірге болатыныма тағы рақмет айтамын. Эумин.

15. ИСА МЕНІ НЕ ҮШІН ҚҰТҚАРДЫ?

Бір адамның иті болды. Ол оны тамақтандыратын, құтетін және үнемі бірге болатын. Бірде ол кемемен саяхатқа шықты, иті де өзімен бірге еді. Сонынан еріп жүгіріп жүріп бір уақытта иті суға түсіп кетті. Иттің иесі жүгіріп барып кеме капитанына айқай салды:

– Менің итім! Менің сүйікті итім құлап кетті! Кемені тез тоқтатыңызшы? Эйтпесе ол суға батып кетеді.

Капитан тек күліп жіберді:

- Біз бір итке бола тоқтай алмаймыз фой...
- Егер кемеден адам құласа тоқтатар ма едініз?
- Эрине, – деді капитан.

Осы сэтте иттің иесі кемеден суға секіріп кетті. Капитанға адамды құтқару үшін, кемені еріксіз тоқтатуға тұра келді. Сонымен екеуі де, иесі де, иті де құтқарылды.

Иттің иесі итің қаншалықты жақсы көрсе, Иса бізді одан да, әлдеқайда артық көреді. Иса біз батып жатқан „күнә тенізіне түсіп“ бізді құтқарды.

Барлық періште, сондай-ақ шайтан өзінің қызмет-

керлерімен, Құдайдың бізге деген керемет махаббатын көріп тұрады. Оның бізге деген ұлсы махаббаты соншалық, біздің құнекәр екенімізге де қарамайды. Иса Мәсіхті үшін Ол бізге жаңа жүрек сыйлайды. Аспандағы періштeler Құдайдың біз үшін істегеңдеріне алғыстарын айтады. Олар сенің Исаңы сүйгенің үшін қуанады. Біздің Құдай қалағанындағы әлі бола алмай жүргеніміз өкінішті-ақ. Біз көптеген жаман нәрсе жасаймыз. О дүниеге барғанда біздің қандай болатынымызды Құдай осы құні-ақ көріп тұр. Иса Мәсіхтің жазалануы арқасында барлығы да кешірілді. Біз тек Құтқарушымызға ғана сенуіміз керек, ал қалған құнәдән Құдай алдында арыламыз.

Оқу үшін: Лұқа жазған Изді хабар 15:3-7, 11-24.

Сұрақтар: 1. Құнекәрлар өздігінен Құдай балалары болулады мүмкін бе?
2. Кім бізді Құдай баласы ете алады?
3. Мен Құдайдың баласы болуым қалай болмақ?

Дұра: Иса Мәсіх, мен Саған менің құнэм үшін елгеніңе раҳметімді айтамын. Эумин.

16. ЕГЕР МЕН ЖАҚСЫ БОЛУФА ТЫРЫССАМ, ИСА МЕҢІ ҚҰТҚАРА МА?

Біз қанша жақсы боламыз дегенмен, Құдайға сонша ұнайтында бола алмайтынымызды білесің бе? Кей бала ойлайды: „Егер мен әрқашан ата-анамның тілін алатын бала болуға тырыссам, бөтен балалармен таласып тебелеспесем, әлім келетіндерді ренжітпесем – онда аспанға менде барамыз“.

Бірақ, мұның бәрі бұлай емес. Ешкім өз қалауымен жұмаққа бара алмайды. Себебі, біз бәрібір сөздерімізben, істерімізben Құдайды ренжітіп аламыз, біз қанша тежелгенмен, әр қуні ең құрығанда бір жаман сөз айтамыз, не бір жаман ой келеді. Бұл біздің жүргегімізде әлі көптеген қатыгездік бар екенін көрсетеді.

Біз алдағы уақытта әрқашан дұрыс жүргенің өзінде – біздің бұрынғы құнәләримызды мойнымында қала береді. Одан қалай құтыламыз? Тағы бір сұрақ: Құдайдан жаза алу үшін адам қанша рет құнә істеуі керек? Он ба, әлде жүз бе? Жоқ, бір құнә да жеткілікті.

Алғашқы адам Адам-ата мен Хая-ана Құдайды тыңдамай, Едемдегі бақта күнәға батты емес пе? Содан бастап, барлық адам құнекер болып жүр. Сондай-ақ, кейбір кішкене балалар ата-анасын тыңдамай төбелеседі, ұрысып-таласады. Біз қанша тырысқанмен, не істесек те, жұмаққа баратындағы қылыш жасай алмаймыз. Жаратушы әділ, Ол адамдардың құнәсі үшін айыптауға тиісті. Бірақ, Құдай адамды сүйеді. Сондықтан Ол бізді жазаламай Өзінің жалғыз туған Ұлын,

бәріміздің күнәміздің көтертіп, жазалады. Иса Мәсіх менің және сенің күнөң үшін өлді. Ол біздің жазамызды тартты. Сенесің бе, Иса сені жақсы көргені соншалық, сен үшін Өз өмірін құрбан етті!

Оқу үшін: Румдіктерге хат 3:10-18, 23.

- Сұрақтар:*
1. Жаман қылышқа жасаған кезің болды ма? Бір, екі мысал келтір.
 2. Қанша күнә жасағандар жұмаққа бара алмайды?
 3. Құтқарылуың үшін не істеуің керек ?

Дүа: Қымбатты біздің аспандағы Экеміз! Бәріміз де Сенің алдыңда күнәліміз. Бірак, Сен біздің күнәләріміз үшін Өзіңің Ұлынды олімге қидың. Бізге жұмақтан орын алып қойғаның үшін шын жүректен ризашылық білдіреміз. Эүмин.

17. ПАТШАНЫҢ БАЛАЛАРЫ

Кейде біз: Мәсіх жолын қуушы-бұл Құдайдың баласы, – дейміз. Егер солай десек, біз сонда өз ата-анамыздың балалары болмағанымыз ба? Әрине, жоқ. Құдай ата-ананы бізге қамқорлық жасауға және бізді сую үшін берген. Құдай бізге қамқорлықты ата-анала-

рымыздан да артық жасайды, себебі, Ол бізді олардан да артық жақсы көреді. Егер біз Оның Баласына сеніп-синып, әрі Оны жақсы көре білсек, онда Құдай бізді өз баласындағы санап, семьясына қосады. Әрине, бұл ғажап емес пе?

Неге және не үшін Құдай бізді Өзіңің баласы етіп қабылдайды? Бұрын күнәкәр болған адамды да, Ол неге бала қылады? Біз үшін бұл құпия қүйінде қалады. Алайда, Киели кітапта Құдай бізді балам деуден ұялмайды, – делінген. Ол бізді ешқашан кері итермек емес. Жаратушы бізді сүйеді, тіпті кейде тыңдамай кеткенде де теріс айналмайды. Оның айналасында тандап алған, сүйікті ешкімі жоқ. Кейде бізді әділет үшін жазалауға тұра келгенімен, ол бізді баласы болғандықтан, бәрібір жек көрмейді.

Егер Құдай біздің аспандағы Жаратушы Экеміз болса, онда Иса Мәсіх – Құдайдың Ұлы, – шын жүректен бізді сүйетін үлкен Ағамыз.

Киелі кітап бойынша айтқанда, Иса бізді бауырым-қарындастым деуден ешқашан ұялмайды. Ол Құдайдың үлкен семьясына бізді мүше жасау үшін өлді. Иса аспандағы Экесінен не алса, бізге соның бәрін бөліп береді. Иса бізге мәңгілік өмір береді. Бір күндері Ол бізді аспанға әкетеді де, сол жақта Өз қуанышын толығынан береді. Ол жерде басқа күнә болмайды.

Біз Патшаның баласымыз, себебі, Құдай бізді Өзіңің семьясына мүше етіп алды. Ол бізге ғажайып дарын сыйлады, біз онымен бір кездері мәңгі бірге боламыз.

Оқу үшін: Румдіктерге хат 8:14-17

- Çұрақтар:* 1. Біз соншалықты жақсы болғандығымыздан, Құдай бізді Өзінің балалары етіп ала ма? 2. Біз күнә жасағанда да Құдай бізді сүйе ме? 3. Біздің тындармаған кездерімізде Құдай бізді қалай айыптасты? Ондай жағдайда Ол бізді сүйе ме? 4. Егер Құдай біздің Әкеміз болса, онда Оның Ұлы – Иса Мәсіх кім болады?

Дұға: Қымбатты біздің Жаратушымыз! Бізді ба-лаң етіп алғаныңа қуаныштымыз. Біз Саған өте ризамыз, себебі, Сен бізге соншалықты жақсы қарайсың. Сондай-ақ, Сенің Ұлың Иса Мәсіх үшін де ризамыз. Эумин.

18. ИСА ДУНИЕГЕ КЕЛГЕНГЕ ДЕЙІН ҚАЙДА БОЛҒАН?

Мәсіхтің (Рождество) мейрамында біз Иса Мәсіхтің туғаны жайлы ән салып, әңгіме айтамыз. Періштегердің малышыларға бұл қуанышты хабарды жеткізгенін біз қызықтаап, тыңдаймыз.

Бірақ, сен Иса Мәсіхтің „бұл дүниеге“ келгенге дейін де өмірде болғанын білесің бе? Иса әрдайым

аспанда Әкесінің қасында болған: өйткені Оның Өзі де Құдай фой.

Құдай әуелде бүкіл дуниені жаратты. Сонан соң ол алғашқы адамдар, Адам-ата мен Хая-ананы жаратты. Бірақ Адам-ата мен Хая-ана Құдайға құлақ аспады. Тындармағанның соны әрқашанда сор болады. Иса біздің барлық құнэмізді көтеру үшін, бізді жазала-масын, – деп жерге түсуді жөн көрді. Ақыр аяғы, Иса-ның жер бетінде туған құні болды. Иса бізді жақсы көргені соншалық, біз үшін нәресте болып туып, адамдардың ортасында өмір сүруге тәуекел қылғанын білесің бе?

Сондықтан Иса сені „бұл дүниеге“ келмей тұрып-ак ұнатқанына сенуіңе болады. Ол сені қазір де сүйеді, сен өлген соң да сүйеді. Егер сен Исаға шын жүректен берілсөн, онда аспанда да онымен мәнгі бірге бола аласың.

Оқу үшін: Жохан жазған Ізгі хабар 14:1-12.

- Çұрақтар:* 1. Сен Исаңың қанша жыл бұдан бұрын туғанын білесің бе? 2. Иса туғанға дейін қайда болды? 3. Иса аспанды тастап, жерге түсуге неге тәуекел қылғанын білесің бе? 4. Сен қалай ойлайсың, Иса сені сүйе ме? 5. Сен Исаңы сүйесің бе?

Дұға: Қымбатты Иса! Сен аспанды тастап жерге келгенің үшін біз Саған ризашылық білдіреміз. Бәріміз үшін Сенің өлгеніңе де рақ-

мет айтамыз. Сенің даңқынды көтеріп өмір сүру үшін бізге жәрдемдес. Эумин.

19. СӘБИ ИСАНЫҢ БАСҚА БАЛАЛАРДАН ҚАНДАЙ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ БОЛДЫ?

Исаның дүниеге келуі өте ғажап, әрі құпия болғанын білесің бе? Исаның шешесі Мария еді. Жұсіп Марияның қүйеуі болғанымен, Исаның әкесі емес еді. Басқа балалар адамнан туса, Исаның Әкесі- Құдай.

Исаның әкесі Құдайдың Өзі болуы неліктен маңызды? Егер Исаның әкесі Жұсіп болса, не болған болар еді? Егер Исаның әкесі Құдай болмағанда, Ол сені мен мен сияқты қаралайым адам болған болар еді. Онда Исаның жүргегі де басқа адамдардың жүргергіндегі бұзылған болар еді. Егер Исаның, жүргегі де біздің жүргіміз сияқты болған болса, онда ол біздің құнәміз үшін өле алмаған болар еді. Онда ол Өз құнәсі үшін өлер еді. Бірақ Иса Өз құнәсі үшін өлген жоқ, себебі, Оның еш құнәсі жоқ еді.

Исаның тууы үлкен таңқаларлық жағдай болды. Исаның жерде әкесі болмағандықтан, біз Оны Мария қыздан туған дейміз. Одан басқа ешкім де дәл бұлай туған емес. Басқа балалардың берінің де туған әкесі жер бетінде болған. Иса жердегі әкені керек еткен жоқ, себебі, Оның Әкесі Құдайдың өзі.

Бір адам құмырсқаны бақылап соңынан жүреді.

Сөйтіп, жүріп, ол құмырсқаның үлкен илеуіне келді. Ол жерде мындаған құмырсқа бар еді. Оған: „Егер мен осы құмырсқалармен сойлескім келсе не істер едім? Мен қанша айғайласам да олар мені түсінбейді. Егер мен оларға хат жазсам, олар оны оқи алмайды“, – деген ой келді. Сөйтіп, ол мынандай шешімге келді: „Егер осы құмырсқалар мені түсінсін десем, онда мен өзім де құмырсқа болуым керек“. Бұл адам сонан соң ойлады: „Құдай да дәл осыны істеді. Ол адамдарға аспаннан қарап отырмай, ішіміздегі біреу болайын деп шешті. Осындай тәсілмен Құдай бізге деген сүйіспеншілігін түсіндірді. Сондықтан да Иса кішкене Нәресте болып туып, үлкен Адам болды. Сонан соң, адамдарға Құдайдың сүйіспеншілігін айтып берді және оны дәлелдеді. Сондықтан бәріміз үшін қаза болды“.

Оқу үшін: Матай жазған Ізгі хабар 1:18-25.

- Сұрақтар:*
1. Исаның шешесі кім?
 2. Исаның Әкесі кім?
 3. Жұсіп кім болған?
 4. Исаның әкесі Жұсіп болса, онда біздермен не болар еді?

Дүра: Қымбаттың біздің Аспандағы Экеміз! Исаның Сенің Ұлың болғаны қандай керемет болды. Оның еш құнәсі болмағандығы үшін және біздің құнәміз үшін өлгеніне рақмет айтамыз. Бізді балаларым деп қабылдайтының үшін де рақмет айтамыз. Эумин.

20. ИСА ЖАСАФАН ФАЖАЙЫПТАР

Исаның жер бетінде жасаған кейбір фажайыптарын мүмкін сен де білетін шығарсың? Мысалы, бірде Иса қайықпен үлкен көлдің арғы жағасына өтеді. Сол кезде аяқ астынан қатты жел тұрады. Оның шәкірттерінің үреій ұшады, ал Иса қаперсіз үйіктаپ жатты. Олар өздерінің ұстазын оятып: „Қалайша сен қайықтың суға батып бара жатқанын сезбейсің, бәріміз қырылатын болдық қой! – Сен неге бізге бұл қатерден құтылуға көмектеспейсің?– деді. Иса шәкірттерінің бұл сенімсіздік көрсеткеніне қатты ренжіді. Сөите тұра, жел мен толқынның басылуын бұйырды. Сол сәтте жел де, толқын да тыылды.

Келесі жолы Иса бұдан да үлкен таңқаларлық іс істеді. Оның досы Лазарь қатты науқастан қайтыс болды. Тұысқандары оны жерледі. Лазарьдің молада жатқанына төрт күн өтті. Иса Лазарьдің қарындастарын аяды – себебі, ол жалғыз ағалары еді. Иса Лазарьдің зиаратына келіп, оны бар дауысымен айғайлап шақырды. Сол-ақ екен, Лазарь қабірден тіріліп шықты. Иса оны о дүниеден бұл дүниеге қайтарып экелді!

Міне, тағы бір ғажап! Бірде Исаның қасына бес мындаид адам жиылды. Құн бойы олар Исаның айтқан діні уағыздарын тыңдады. Бірақ, кешкісін бәрінің қарыны ашқанда, нан сатып алатын мүмкіндік болмады. Бір баланың, өзімен бірге экелген, бес күлше наны мен екі балығы бар еді. Иса Құдайға сиынды да, соларды адамдарға таратып беруді өтінді. Бес мың адамға сол азық молынан жетіп, одан тіпті артық та қалды.

Бірде Иса өліп қалған бір кішкентай қызды да қайта тірілтті. Қыздың ата-анасының сондағы қуанғанын көрсөн!

Иса бұдан басқа да көптеген фажайып нәрселер жасады. Еш адам Оның жасағанын жасай алмас еді. Кереметті тек Құдай фана жасайды. Еш дәрігер сырқатты бір сәтте айықтыра алмайды. Иса жасаған барлық фажайып Оның Құдай Ұлы екендігін дәлелдейді.

Иса аспанға қайта барған соң, Өзінің шәкірттеріне Құдайдың атынан фажайыптар жасауға қасиет берді. Сондықтан Петір деген елші бір сал ауру адамға-Иса үшін орныңнан тұр да, өздігінен жүріп кет, – деп бұйырғанда, әлгі кісі сауығып кетті.

Исаны белсенді үағыздаушы болған елші Петір түрмеге қамалды. Құдай тұнде Өзінің бір періштесін жіберіп абақтыда кісендеуіл отырған Петірді босатып жібереді. Бұл да бір ғажап іс болды.

Көптеген адамдар Исаның кереметтеріне сенгісі келмеді. Оның істегендерінің бәрі сиқыршылардың жәй фана епті қымылдары, – деді. Бірақ Иса ешқандай сиқыршы емес – ол Құдай. Сондықтан ол тіпті өлген адамды тірілте алатын. Мүмкін сен: „Бүгінгі таңда да сондай фажайыптар болып тұра ма?“, – деп сұрайтын шығарсың. Эрине! Оны Исаның Өзі де айтқан. Кейде дәрігер сырқатты емдей алмайды, ал егер ол адам Исаға сиынса онда сауығып кетеді. Иса дәрігер арқылы да көмектесуі мүмкін. Біз өз қолымыздан келмейтін нәрсені- Құдай жасап береді, – деп күтеміз.

Біз сұраған фажайыпты Құдай үнемі жасап тұра ма? Кейде Ол біздің сұрағандарымызды орындауды да жөн көреді. Ол бізге ең қажетті деген нәрсені фана

беруді дұрыс санайды. Сондықтан біз Оған еш алаңда-
май сенуімізге болады.

Оқу үшін: Марқа жазған Ізгі хабар 6:32-44

Сұрақтар: 1. Керемет дегеніміз не?

2. Иса Мәсіхтің жасаған бір кереметін айтып бер?
3. Сиқыршы дегеніміз кім? Ол шынымен таң қаларлық нәрсе жасай ала ма?
4. Өмірінде өзің Құдайдан жалбарынып сұраған соң, болған ғажап кереметтің бірін айтып бер?

Дүра: Қымбатты менің Жаратушым! Біз Саған, жер бетінде болғаныңда жасаған барлық керемет істерің үшін, рақмет айтамыз. Біз сондай-ақ, Саған оқыған дұға-намаздарымызды естіп-білгендігің үшін және керемет істер жасайтындығыңа рақмет айтамыз. Біз Өзіңде сиынғанда, Саған шын сенуге көмектес! Әумин.

21. ИСА МӘСІХТІҢ ӨЛҮІ

Біз енді ең қорқынышты, бірақ, біздің тарихымыздығы ең маңызды оқиға туралы айтамыз.

Есінде ме, ең алғашқы адам Адам-ата мен Хая-ана тыым салынған жемістен жегені? Содан бастап адамдардың жүргегіне құнә үялап Құдайды тыңдамайтын болды. Содан бастап, құн көрістері қынадады, ауру мен ажалдан қорқа бастады. Жабайы аңдар олардың жауы болды. Мұның бәріне негізгі себепкер Адам-ата мен Хая-ананың Құдай алдында күнәкар болуы еді. Құдайдың оларға, енді менің маңынан аулақ болындар дегені, – олардың жағдайын өте ауырлатты.

Бірақ, есінде болсын, Құдай Адам-ата мен Хая-ананы сені мен мені жақсы көргендей жақсы көрген. Алғашқы адамдардың жасаған күнәсін біз де жасадық. Бірақ, Құдай бізді жақсы көрді, сондықтан да біздің күнәміз үшін, Өзінің Ұлы- Иса Мәсіхті жазалауды жөн көрді.

Ешкім біреудің күнәсі үшін өлмейді, себебі, оның, өз күнәсі де жеткілікті. Эркім өз күнәсі үшін айып тартуы керек. Тек қана Құдайдың Ұлы Иса ғана күнәдан алыс еді, басқалардың күнәсі үшін тек сондай адам ғана өле алатын.

Исаны жек көрген адамдар оны айқыш ағашқа әкеліп шегеледі. Ол сонда өлді. Рум әскерлері Исаның аяқ-қолына үлкен шегені қаққанда, Ол ғаламат азап шекті. Әкесі Құдай алғаш рет, аз уақытқа Оны айқыш ағашта қалдырып кеткенде, Иса қандай күйде еді? Ол жалғыз қалды. Иса мен үшін, сен үшін өлімге өз

еркімен барды, Оны ешкім зорлап апарған жоқ. Ол біздер жасаған күннің өтегін үшін барды.

Енді Құдайдың сені күнәңдан кешіруге мүмкіншілігі бар. Иса Мәсіхке сенгендер Құдайдың рақымына бөленеді және мәңгілік өмір алады. Сен бұл үшін Иса Мәсіхке рақмет айттың ба?

Оқу үшін: Ишая 53:1-12.

- Сұрақтар:*
1. Адам-ата мен Хая-ана Құдайды тыңда-мағаннан кейін, олармен не болды? Егер бұл дүниеде еш күнә болмаса, онда адамдар өзді-өзі араздасар ма еді?
 2. Біз сондай жақсы көретін басқа адамдардың күнәсі үшін айыпқа тартылып, солардың күнәсін көтере аламыз ба?
 3. Неге бұл мүмкін емес?

Дұра: Кымбатты біздің Аспандағы Әкеміз! Қазір балалардың өздері де Құтқарушыны керек етеді, себебі, олар да тілазар бол барады. Иса, біз Саған ризамыз, Сен біз үшін өлдің. Өзінді шын жүректен сую үшін көмектес. Өзіңде шын сенуге және Сені тыңдауға көмектес. Біз мұны Иса Мәсіхтің атынан сұраймыз. Әумин.

22. ИСАНЫҢ ҚАЙТА ТІРЛУИ

Иса өлгеннен кейін шәкірттері Петір, Жақып, Жохан және басқалары қатты қайғырыды. Олар Исаны Израилдің патшасы болады деп үміттенген еді. Ол сонша адамға жақсылық та, көптеген ғажайып кереметтер істеді. Соңдықтан олар-Исаны айқыш ағашқа шегелеп жатқанда, еш қарсылық жасамағанына таң қалды. Олардың ойына: Иса- Құдайдың Ұлы емес шығар, – деген де күдік кірді. Мүмкін Ол, жай жақсы адамғана шығар?

Үш күн бойы шәкірттер қалада сенделіп жүрді. Үш жыл бойы Исафа бауыр басып, үйреніп кеткендері соншалық, енді онсыз қалай күн кешуді білмеді. Кейбір шәкірттер аптаның бірнеше күнінде Исаның қабіріна барды. Бұл күнді біз енді воскресение-Исаның қайта тірілген күні дейміз. Моланың басына келген шәкірттер аң-таң болды: қабір іші бос түр. Таудаға мұнда Иса жерленген, ал қазір ешкім де жоқ. Мүмкін Оны біреулер үрлап кетті ме, әлде басқа жерге апарып жерледі ме? Шәкірттер осылайша дал бол түрганда, кенеттеп екі періште шыға келіп, Исаның қайта тірілгенін, Оған Құдай жан бітіргенін, Ол таяуда келіп, олармен сейлесетінін айтты. Эрине бұл шәкірттер үшін адам сенгісіз нәрсе еді. Иса көп ұзамай шынында да келді. Оның түрі сол бұрынғы қалпы. Тек денесі ғана өзгерілті. Енді Оған қандай қалың қабырға да еш бөгет бола алмады. Ол енді кез келген үйге есігі жабық тұрса да кіре алады. Тіпті ол көзді ашып жумғанша файып болып та кетеді.

Құдайдың Өз балаларына-өлген соң қайта тірлітем, – деген үәдесі бар. „Ол мүмкін нәрсе ме?“ – деп сұрапсың сен. Құдайдың қолынан бәрі келеді. Исаны тірліткен Ол, басқа шәкірттерін де тірліте алады. Иса Мәсіхке сенушілерге Ол мәңгілік өмір береді. Қөптеген адамдар: „Исаның өлген соң қайта тірлігенін қайдан білесің“, – деп сұрайды. Біз оның растығын шәкірттердің ісінен көреміз. Олар Иса өлгенде қатты қайғырды, өмірден түнілді. Бірақ, Исаның қайта тірлігенін көргенде оларға күш пайда болып, рухтанып кетті. Жүрген жерлерінде Исаның қайта тірлігенін уағыздаған олардың біразы өлім жазасына кесілді. Егер Исаның қайта тірлігені рас болмаса, онда олар бүйтіп өз өмірлерін қимас еді.

Иса өлген соң, үш күннен кейін, Оның екі шәкірті Иерусалимнің қасындағы ауылға кетіп бара жатқан еді. Эрине, олар Исаның өлімін сөз қылды. Ол неге өлді? Иса мәңгі өлмейді және өз патшамыз болады, деп үміттеніп едік қой, – десті олар. Ол екеуі осылайша әңгімелесіп келе жатқанда, оларға бір жолаушы кездесті. Сөзге араласқан ол, бұл екеуінің неліктен көңілсіз келе жатқандығын сұрады. Әлгілер себебін айтты. Серіктері оларға қарсы сұрақ қойды: „Құдай Сөзінде Иса көп бейнет көріп, сонында өледі, – деп жазылғанын сендер осы күнге дейін неғып білмейсіндер? Ол Өзінің өлетіні жайлы алдын ала айтты рой“, – деді Ол. Соナン соң оларға Исаның Өлімі кездейсоқ емес екендігін түсіндірді. Құдай жер бетіндегі адамдардың күнәсін көтеріп, олар үшін өлуге Өзінің Ұлын әдейі жіберген. Егер Мәсіх айқыш ағашта өлмесе, онда ешкімнің де күнәсі кешілілмес еді, – деді Ол.

Осылайша әңгімелесіп келе жатып, олар ауылға да жетті. Шәрірттер күн батып кеткен соң, жаңағы бейтансыс адамды үйлеріне қонақ болуға шақырды. Әлгі кісі қонып қалды. Олар кешкі асқа отырғанда, шәкірттер бейтансыс адам өздерінің Ұстазы екенін таныды. Ол жол бойы Өзінің неге өлгенін түсіндірген болды. Шәкірттер ан-таң боп отырған кезде, Иса жоқ болып кетті.

Қайта тірліген Исаны көргенде, Олар қандай бақытқа кенелді десеңіш! Олардың өздері де енді мүлде өзгерді: олар содан бастап еш нәрседен қорықпады, ештеңеге қайғырмады. Өйткені олардың Ұстазы тірі екен. Иерусалимге қайта келген соң, олар барлық жағдайда шәкірттерге айтып берді.

Оқу үшін: Жохан жазған Ізгі хабар 20:1-18, Лұқа жазған Ізгі хабар 24:13-32.

Сұрақтар: 1. Шәкірттер бос қабірді көріп, неге сонша таң қалды?
2. Исаға не болды?
3. Иса қайта тірлігенде, Оның денесі сені мен менің денемнен қандай өзгешелігі болды?
4. Сен Иса мен екі шәкірті туралы әңгімені қайталап айта аласың ба?

Дүға: Құрметті біздің Аспандағы Әкеміз! Біз Саған Иса Мәсіхті қайта тірліткендігің үшін ракмет айтамыз. Сенің ұлы құдіретің мен махаббатыңды шын көңілден жиі-жій

еске алуға көмектес. Біз мұны Сенен Isa
Мәсіхтің атынан сұраймыз. Әумин.

23. ИСА ӨЗ ӘКЕСІНЕ ҚАЙТА ОРАЛДЫ

Саған туған әке-шешеңнен бірнеше күнге басқа жерге баруға тұра келді ме? Мүмкін сен туыстарыңа, не әжеңде барған шығарсың. Есінде ме, үйіңе қайтып оралғандағы куанғаның?

Шамамен Isa 33 жыл осы жерде өмір сүрді. Isa Өз үйін, Әкесі мен періштелерді қатты сағынып, сол жақты қатты аңсағанын сен білесің бе? Міне, Ofan аспанға қайтып баратын да күн туды.

Ол Өзінің шәкірттерін алып, тауға шықты. Ол Өз шәкірттерімен сөйлесіп тұрғанда, бір үлкен бұлт келді де, Оны басқалардан бөліп, көрсетпей таставды.

Иса аспанға қайта барған соң, Құдайдың тағынан орын алды. Әрине, бізге ол аспан көрінбейді. Кім Isaға сенсе және қызмет етсе, бір кездे олар Onың қасында бірге болады.

Иса аспанға қайта барғанда болған куанышты біз елестете алмаймыз. Оны миллиондаған перішtelер тамаша гимн айтып қарсы алды. Олар жер бетіндегі бүкіл адамға деген ұлы маҳаббаты үшін Isaға иіліп тағзым етті. Ол сені мен мені құтқару үшін жерде Өзінің данқын қалдырып, Адам болып жүрді. Енді Ол

үйіне қайтты. Құдай Әкесінің Өзі Onың қайта оралғанына қуаныш, сәлемдесіп қарсы алды.

Иса қазір де аспанда. Ол бізге ол жақтан орын дайындаиды. Ол бізді күтүде және бәріміз Өзіне сенуімізді тілеуде. Өзіне сенген әрбір адамға Ол мәңгілік өмір сыйлайды.

Иса Құдайға біз үшін етініш береді.

Бірақ, Isa Өзіне қызмет еткендерді аспанға, өзіне алып кету үшін жерге тағы бір рет келеді.

Оқу үшін: Елшілердің істері 1:9-14.

Çұрақтар: 1. Isa жер бетінде қанша жыл болды?

2. Isa аспандағы Әкесіне барада Өз шәкірттерін қалай тастан кеткенін айт?

3. Isa қайтып барғанда перішtelер не істеді?

4. Қазір Isa қайда?

5. Isa аспанда не істейді?

Дұға:

Иса Мәсіх, Сен қазір аспандасың және бізді көріп, оқыған дүғамызды естисің. Біз Сенің бізді қатты сүйгеніңе және түбінде Өзіңмен бірге мәңгілік болатынымыз үшін рақмет айтамыз. Сенің еркінмен өмір сүруге көмектес. Әумин.

24. ИСА ТАФЫ БІР РЕТ КЕЛЕДІ

Иса тафы бір рет қайта келеді. Оның қашан келетінін біз білмейміз, бірақ келесі келгенде, Өзінің балаларын Өзімен бірге алып кететінін білеміз. Ол бір керемет күн болады! Ақырында біз Құдайымызды-Иса Мәсіхті көре аламыз. Біз әрқашан күтсін деп, Ол бізге қашан келетінін айтқан жоқ. Ол сондай-ақ, бізге үнемі жақсы өмір сүргуге ынталанып жүруімізді тілейді. Егер Иса қашан келетінін нақ айтса, онда, біз күн сайын Оның тілегін орындауға жансала тырыспас едік. Барлығын ең соңғы күнге қалтырар едік. Егер біз тек Құдай келердің алдындаға, Оған жағатын үлгілі өмір сүрэйік деп шешсек, онда мұлде кеш қалар едік.

Сондықтан Иса Мәсіх бізге қашан келетінін айтқан жоқ.

Біз Оның қалай келетінін де аз білеміз. Оған қарамастан, Құдай Сөзінде Мәсіхтің қалай келетіні жеткілікті айтылған. Киелі кітаптың айтуынша, Иса келіп бізді Өзімен алып кетеді де, жаңа жер, жаңа аспан жаратады. Қазіргі жер және біздің көз алдымызы дағының бері бір сәтте жоқ болады. Құдай берін жаңадан жасайды. Сонда еш үрей, еш күнә болмайды. Құдай келгенде бері қалай өзгеретінін алдын ала көзге елестетіп те қажеті жоқ. Бізге қазіргі керегі – Құдай келгенде дайын тұру.

Сен Иса Мәсіхті көргің келе ме? Сен Оның алдында басынды іип тағзым ет, Ол сені құтқару үшін Өз өмірін қиды. Ол кез келген сәтте келіп, сені мәңгігіе Өзіне алып кете алады.

Оқу үшін: Тессаланиктерге 1-Хат 4:13-18, 5:1-6.

- Çұрақтар:*
1. Иса қашан тафы бір рет келеді?
 2. Иса Мәсіхтің кез келген сәтте келетінін білудің біз үшін маңызы неде?

Дүс: Құдай, Сен жерге тафы бір рет келетінің үшін біз Саған ризамыз. Сен туралы ойлап, келуіңе күнде дайын отыруға көмектес. Эумин.

25. ҚАСИЕТТИ РУХ

Құдай біреу болғанмен, үш ерекше Тұлғадан тұрады, – деп біз бұрын да айтқанбыз.

Осы үш Тұлғаның біреуі – Қасиетті Рух. Біз Оны: Құдай- Қассиетті рух, – деп атамызы. Бұған қоса біз: Эке Құдай және Үл Құдай, – туралы да айтамыз.

Қасиетті Рух әрқашан болған. Бұкіл әлемді жаратуға үш ерекше Тұлға бірдей қатысты.

Қаза боларынан сәл бұрын Иса Өз шәкірттеріне Өзінің аспандары Әкесіне қайтып баратынын айтты. Шәкірттеріне Қасиетті Рух жіберуге үәде берді. Иса аспанға кеткеннен кейін, он күн өткенде, Қасиетті Рух шәкірттерінің жүрегіне ұялады. Бірде, шәкірттер дұға оқып жатқанда, қатты дауыл болғандай шу көтерілді.

Олар бір-біріне таңырқай қарағанда тобелерінде от алаулап тұрғанын көрді. Бұл Иса Мәсіх жіберген Қасиетті Рух еді. Алаулаған от тез жоғалып кеткенімен, шәкірттердің жүргегінде Қасиетті Рух қалды. Шәкірттердің кез-келгені басқа тілде де сөйлей алғын болды. Қайсыбірі сырқаттанған адамды жазып, тіпті өлгенді тірілтіп жіберетін халге жетті. Қасиетті Рух діндәрларды бақытты етіп, оларға Мәсіхке сенгені үшін құғындалп, ұрып-соғып жатса да, өлең, айтып жүретіндей қажырлы қайрат, жігер-күш берді.

Кімде-кім Иса Мәсіхті қабылдаса, онда оның жүргегіне Қасиетті Рух ұлап, Мәсіх үшін өмір сүрге көмектеседі. Егер сен шынымен Мәсіх жолын қуушы болсан, Ол сенің жүргегінде де болады. Барлық жақсы ой мен тілектер тек Сол арқылы келеді. Қасиетті Рух саған Құдайдан шапағат келуіне және сенің Оған сиынуыңа көмектеседі. Сондай-ақ, Ол сенің қуанышты, әрі адап болуыңа жәрдемдеседі. Сондықтан сен махаббатты, қуанышты және бақытты өз жүргегінде селе аласың. Сенің жүргегің Оның мекені болады.

Қасиетті Рух Мәсіх жолын қуушылардың жүргегінде ғана тұрмай, бір сэтте барлық әлемде болып үлгереді. Кейбір нәрсе туралы Құдаймен қалай сөйлесуді сен үнемі біле бермейсің, сонда Қасиетті Рух келіп, бәрін толық реттеуге, айта алмай тұрған дұғаңды Құдайға жеткізуге көмектеседі. Оның Өзі Құдай болғандықтан, Оның біз арқылы оқыған дұғасын Құдай міндетті түрде естіп, біздің дұғамызға жауап береді. Құдайдың Өзі сенің дұғаның жетуіне көмектесуі ғажап емес пе?

Қасиетті Рух тек саған ғана көмектесіп қоймай-

ды, Ол сондай-ақ, адамдарға, тіпті әлі Мәсіх жолын қуушы болмағандарға, да көмектеседі, олардың да Құдайға деген сүйіспеншілігін оятады. Ол сондай-ақ, Иса біз үшін не істегенін бізге түсіндіреді.

Қасиетті Рух саған Құдай туралы Киелі кітапты оқып отырғанда, оқығаныңды түсінуге де көмектеседі. Егер сен түсінбесен, Құдайға сиынып сұра, сонда түсінбеген сырды ашып береді.

Оқу үшін: Жохан жазған Ізгі хабар 16:7-15.

- Сұрақтар:*
1. Қасиетті Рух деген Кім?
 2. Ол қай жерде болады?
 3. Оның бірнеше істерін айт?
 4. Қасиетті Рух бізге көмектескенде тосқауыл бола аламыз ба? Қалай?

Дүгə: Қымбатты Тәңірім, бізге Қасиетті Рухты жіберіп, келелі мәселені шешүуге көмектескенің үшін рақмет айтамыз. Қасиетті Рухтың біздің жүргегімізде тұрақтануына да көмектес. Эумин.

26. МӘСІХ ЖОЛЫН ҚУУШЫЛАР ТЕРІС ҚЫЛЫҚ ЖАСАУФА ҚАҚЫСЫ БАР МА?

Мәңгілік өмірді мұра ететіндей ешқашан соншалықты жақсы бола алмайтынымызды бұрыннан білеміз. Тек Мәсіхтің өліп, қайта тірілуі арқылы фана бар күнәмізден құтыла аламыз. Бұл біз не істесек те, бәрі жарасады деген сөз бе? Ал ойлайықшы! Біз Мәсіхтен құтқарушымыз бол деп сұрағаннан кейін фана Мәсіх жолын қуушы болдық; қалайша тағы да, осыдан соң күнәға бата аламыз.

Құдай біздің жүргімізде орын тапқаннан кейін, Ол біздің жақсы болуымызды тілейді. Амалсыздан мынандай сұрап туады: мұның бәріне қарамастан, біз неліктен жиі-жій күнәға батамыз?

Мұны шайтан істейді. Ол өте мықты: тіпті ең күшті деген періштеден де ол басым. Ол бізді қалай алдауды біледі және теріс іске түсіруге себепші болады. Біз аспанға барғанда, Құдай бізге жаңа жүрек береді, ол жүректе ешқашан жаман ойлар болмайды.

Біз әлі жердеміз, сондықтан күнәға да бата береміз. Құдай қашан жүргімізге үласа, Ол содан бастап күнәдан аулақ болуға көмектеседі. Исадан шайтанды қып, біздің өмірімізді өз қолына алушы үнемі сұрауымызды керек.

Біздің жаңа жүрек алғанымыз қандай керемет десеңші. Ешкім бізді жамандыққа бастамайды және ашуымызды қоздырмайды.

Иса Мәсіх шайтаннан әлдекайда басым екенін ешқашан ұмытпа, сондықтан шайтан да одан қатты

қорқады. Біз Құдайды жәрдемге шақырғанда шайтан қашып кетеді.

Оқу үшін: Румдіктерге Хат: 6:1-10.

- Çұрақтар:*
1. Шайтан қандай мұратқа жеткісі келеді?
 2. Сен шайтаннан құштісің бе?
 3. Шайтаннан кім құшті?
 4. Шайтан бізді күнәға батырмас үшін, қалай бөгет жасаймыз?

Дүға: Қымбатты Иса Мәсіх, біз Саған бәрінен, тіпті шайтаннан да құшті болғаның үшін рақмет айтамыз. Жүргімізді сен үшін таза сақтауфа көмектес. Эүмин.

27. СЕҢІҢ ЖҮРЕГІНІҢ ТАҒЫНДА КІМ ОТЫР?

Тақ дегеннің не екенін сен білесің бе? Ол сондай керемет орындық, патша сол орындықта салтанатты түрде отырып, мемлекетін басқарады.

Сен білесің бе, сенің жүргіндеге де тақ бар және онда да біреу отырған болар? Мен білсем, онда отырған өзің емес. Эрине, мен қазір нағыз такты айтып отырғаным жок. Біздің жүргімізде де нағыз Патша

бар, ол Құдайдың балаларына қалай өмір сұру керектігін айтып отырады. Ол Патша деп отырганымыз-Мәсіх.

Бірақ осы таққа рахаттана отырып алыш, бізге әкімдік еткісі келетін тағы екеу бар. Оның бірі шайтан болып саналса, екіншісі өзіндегі „мен“ деген өркөіректік. Иса белгілі бір нәрсениң тәтінсе, сен оны мүлдем керісінше істесен, – бұл жүргегіндегі тақта Мәсіх емес, басқа біреудің отырганы. Бұл сенің Құдайды Өз тағынан Өзін қуып жібергенің. Және өзің-өзің патша болғың келгені. Егер сен бұлай істесен, шайтан қуанып қалады. Сенің жүргегіндегі тақта Құдай отырмаса, шайтан сені түрлі күнәға итермелейді, сен ашулаңып, қайырымсызданып, қызғаншақ болып, тағы басқа да ойыңа келгенді істейсің. Егер сені басқару үшін тақта Құдай отырмаса, осының бәрін шайтан үшін істеуттүкке түрмайтын іс болып шығады. Егер өз жүргегіңнің тағында өзің отырып, өміріңнің патшасы болсан, онда шайтан сенің жүргегіңнің төріне оп-оңай кіріп алыш, барлық ісінді керісінше жасайды. Ол сенен күшті екенін біледі, сондықтан саған күле қарайды; сен өзінді басқармайсың, сені ол басқарады, сонан соң ол не істегісі келсе бәрін істей береді.

Егер сенің тағында Құдай отырса, онда шайтан жаман бірдеңе істеуге батылы бармайды. Сен өзің тағыңда отырып патша болам дегенше, ол тығылып жүреді.

Біздің Құдай өте шыдамды, мейірімді және ұлы. Ол сенің тағыңда сен сұраған жағдайда фана отырады. Сен Мәсіх жолын қуушы болғаннан кейін, оған тағыңдан орын беруге тиістісің. Құдайдан осының сұрасаң

фана, Ол көмектеседі. Қасиетті Рух бұл жайлы, үнемі сенің есіце салып тұрады.

Сенің өміріңнің патшасы кім? Сенің жүргегіңнің тағында кім отыр? Жүргегіңнің тағында Құдай отыр ма, әлде оған өзің отырып, өміріңді шайтанға билестісің бе?

Оқу үшін: Румдіктерге Хат 6:14-23.

- Çұрақтар:*
1. Сенің жүргегіңнің тағында кімнің отырғысы келеді?
 2. Біз өз тағымызды өзіміз отырсақ, шайтан не істейді?
 3. Егер тақта Құдай отырса, шайтан не істейді?

Дүға: Құдіреті күшті Құдай, біздің аспандағы Экемі! Шайтан біздің күнәға батырмас үшін, Иса Мәсіхті біздің жүргегіміздің тағына отырғызуға көмектесуінді сұраймыз. Иса шайтаннын күшті болғаны үшін, біз Саған рақмет айтамыз. Эүмин.

28. СЕНИҚ ЖҮРЕГІНІЦ ТАҒЫНДА ПАТША ӘРҚАШАН БОЛУ КЕРЕК

Есінде ме, сенің жүрегінің тағы туралы біздің айтқанымыз? Ол тақта салтанатты түрде отырысы келетін тағы да үш патша барын да айтқанбыз. Оның бірі – нағыз Патша – Иса Мәсіх, ал қалған екеуінің бірі шайтан және өзіңсің. Өз тағына өзің ие болған кезде шайтан сенің жүрегіне үялайды да, не істесен де, бәрі теріс болып шығады. Егерде тағында Иса Мәсіх отырса, онда шайтан Оған көрінбей, тығылуына тұра келеді. Ондай жағдайда сен қайырымды, әрі көңілді боласың. Иса онда сенің істеген ісіңнің бәріне риза, сонымен бірге, сенің ата-анаң да риза. Жаратушы сенің жүрегінде отырғанда істеген ісіңнің бәрі де дұрыс болады, ал өзіңше, өз ойыңа келгенді істей бастадың болды, барлығы басқаша болып шыға келеді. Құдай біз үшін бәрін жасағаннан кейін, Оған өз өмірімізді өзіміз басқарайық дегеніміз жөнсіз емес пе? Әрине, қажеті жоқ, алайда біз оған қарамай істейміз. Жүрегіміздің тағында тек Иса отырып, патшалық ету үшін не істейіміз керек? Құдайды жете білуге тырыссаң, онда сен Оны жан дүниенмен сүйесің және жүрегінде тек Сол фана үялап, Оның басқаруын тілейсің.

Біз неғұрлым Құдайды жетік білсек, соғұрлым Оны жақсы көреміз, Оған сенеміз және өз тағдырымызды Соның қолына береміз. Негұрлым Құдайды жетік білсек, соғұрлым Оған деген сеніміміз күшнейеді және де біздің жүрегіміздің тағында тек Ол отырын деген тілегіміз күшнейеді.

Көңілімізге екі түрлі ой жиі келеді. Бірі: „Бұлай істеме“, – десе, ал екіншісі „істе, бұның ешқандай сөкеттігі жоқ“, – деп тұрады. Мұның қайсысы Қасиетті Рух, қайсысы шайтан екенін қалай ажыратамыз? Жас нәресте өз шешесінің даусын басқа дауыстан өте ерте ажыратады, ал өскен сайын оны көптегер дауыстардың ішінен айнағтай таниды. Біз де солай, Қасиетті Рухтың даусына үйреніп, Оны шайтанның даусынан ажырата аламыз.

Бұған қалай үйренуге болатынын білесің бе? Адамдарды жақсы тану үшін – олармен сөйлесу келек. Ал, Құдайды қалай танимыз? Біз Оны көрмейміз, сондықтан да Онымен қалай сөйлесеміз? Біз Онымен дұға арқылы сөйлесеміз, Ол біздің айтқанымызды үнемі естиді, тіпті кейде тым ақырын айтсақ та, бәрін естиді.

Құдайды жақын білудің тағы бір тәсілі: Оның бізге айтқысы келіп тұрғанын ынталанып тұнада. Құдай біз-бен Киелі кітапты оқығанда сөйлеседі. Киелі кітап Құдай Сөзі. Біз Оның не айтып отырғанын үнемі түсіне де алмаймыз және оның бәрін басынан бірдей түсіну қажет те емес. Егер біз Киелі кітапты оқып, мағынасын түсіну үшін көбірек ойлансанқ, онда Қасиетті Рух, Құдайды жақын білуге көмектеседі.

Оқу үшін: Румдіктерге Хат 12:1-3.

Сұрақтар: 1. Сенің жүрегінде бір мезгілде қанша патша билік ете алады?

2. Құдайды жақынырақ білудің бізге қажеті не?

3. Құдайды қалай жақын біле аламыз?

Дұра:

Қымбатты Құдай, Сені жақынырақ білгіміз келеді, Саған барып, дұға арқылы сенімен сөйлесе алатынмызызға қуаныштымыз. Біз Сені бұдан да артық көріп, Саған сену үшін, Сені бұдан да жақынырақ білуге көмектес. Эумин.

29. ЖЕМІС БЕРУ

Бір бала әкесімен қыдырып жүріп, ағаштың астында жатқан қураған бұтақты көрді.

– Эке, мына құрғақ ағашты қара! – деп айғай салды. – Мен оны үйге апарып отырғызамын. Мүмкін жапырақ шығарап, алма беруі де үқтимал.

– Жоқ, – деді әкесі, – бұл өліп қалған бұтақ. Бұл ешқашан жапырақ жаймайды, алма да бермейді.

– Ол қайтадан жеміс беру үшін ештеңе жасай алмаймыз ба? – деп сұрады бала.

– Жоқ, – деді әкесі, – ол өліп қалған. Жалғыз фана амал бар, егер оған Құдай жаңа өмір берсе, ол қайта көгереді.

Біз де осы бұтақ сияқты өлікпіз, ал Иса – өмір ағашы. Біздің қолымыздан түк келмейді. Соңдықтан Құдай бізді қураған бұтақ сияқты алды да, ағашқа

апарып будандастырды. Енді біз қуаныш, махабbat, шыдам секілді жеміс береміз.

Біз Мәсіхке деген махаббатымыз арқылы мейірімді істер істейміз. Біз кеуіп қалған бұтақ едік, Құдай бізге жаңа өмір сыйлады.

Оқу үшін: Жохан жазған Ізгі хабар 15:1-8.

Сұрақтар: 1. Қурап қалған бұтақ қайта жеміс бере ала ма?

2. Киелі кітаптың айтуынша, күнәкарлар өз күнәларымен өлген. Не үшін олар қурап қалған бұтаққа үқсайды?

3. Адамдарды құтқару үшін Құдай не істеді?

Дұра:

Аспандағы біздің Әкеміз! Күнәмізден ажыратушы – Құтқарушының керек екенін біз білеміз, Сен құтқару үшін Иса Мәсіхті жиберіп, жаңа өмір сыйлағаның үшін рақмет айтамыз. Жақсы жеміс беру үшін көмектес. Эумин.

30. АДАМНЫҢ ҚҰДАЙДЫ ЖАҚСЫ ҚӨРЕТИНІН ҚАЛАЙ БІЛУГЕ БОЛАДЫ?

Адамдар Мәсіхті шынымен жақсы көре ме, – деп ойланған боларсың? Мұны сұрамай-ақ білуге болады. Исаңың бізге берген өнегесі бар, біз соған қарап-ақ, Оны қашшалықты ұнататынымызды білеміз. Адамның істеген ісінен-ақ оның кім екенін білуге болады, – дейді Иса. Құдайды жақсы көретін адамдар Оны риза қылу үшін қолынан келетіннің бәрін жасаса, сонда олар Мәсіхті шын жақсы көргені, – деп айтуға болады. Кей адамдар Мәсіхті сүйемін дегенімен, олар Құдай күткен істі іstemейді. Демек, ондай адамдар Оны сүйемайді.

Біздің Құдайға деген сүйіспеншілігіміз нeden көрінеді? Біріншіден, біз адамдарды жақсы көріп, оларға қайырымды болуымыз керек. Біз бұған ата-анамызды үнемі сыйлап өту арқылы жаттығамыз. Кімге қайырым жасау керек екенін сен өзің-ақ таба аласың. Егер сен қайырымсыз болсан, онда сен өзінді Иса Мәсіхтен де артық көргенің. Егерде сен Исаңы шын жақсы көрсөн, онда сен қай жағдайда болмасын, Оның айтқанын орындауға тырысасың.

Әрине, бұл оңай емес. Бұған жаттығу керек. Пианинода ойнау үшін, немесе суда жүзіп үйрену үшін қашшалықты жасау керек екенін білесің бе? Тіл алғыш болу үшін де соншалықты жаттығу керек. Бір-бірімізге қайырымды болуға да үйренуіміз керек. Егер саған біреу айқайладап сөйлесе, ең оңай жолы оған да зекіріп жауап беру. Біз ондай айғайға айғаймен жауап

қайтарғаннан гөрі, кішіпейілділікпен женуге дағдыла-нуымыз керек. Киелі кітапта Мәсіх жолын қуушылардың ерекше қасиеті – өзге адамға деген махаббаты, – делінген. Сондықтан олардың мінезіне қарай, Құдайды адам қашшалықты сүйетінін білуге болады.

Егер біз өзіміз қайырымсыз болсақ, онда басқаның Иса Мәсіхке деген махаббаты қалай оянбақ?

Оқу үшін: Жоханның бірінші Хаты 2:3-14.

Сұрақтар: 1. Кейбір адамның Иса Мәсіхті сүйетінін қалай білуге болады?

2. Басқа адамға қалай қайырымды болу керек?

3. Пианинода ойнауға немесе суда жүзуге құмар болсан, жаттығу қажет пе?

4. Біреуғе мейірімді болу үшін дайындық керек пе?

5. Егер саған біреу мейірімсіз болса, сен не істеуің керек?

Дүс: Қымбатты Тәнірім, Сен бізге мейірімділігінді көрсетіп, бізді сүюге жөне құтқаруға дайынсың. Енді Сенен, бізге басқаларға мейірімді болуға көмектесуінді сұрағымыз келеді. Басқа адамдар да Сенің балаларың болуы үшін, Сенің махаббатынды оларға біз көрсетейік. Әумин.

31. ҚҰДАЙ БАЛАСЫ КҮНӘ ЖАСАСА НЕ БОЛАДЫ?

Егер Құдайды жақсы көргеніңе қарамай Оны ренжітіп алсаң не істеу керек? Иса біздің Тәніріміз болғаннан бастап, бізде ешқандай қиыншылық болмайды деп ойлауға болмайды. Шайтан бізді бәрібір теріс жолға түсіреді. Кейде біз сәл жаңылсақ болды, шайтан өзінің мақсатына жетеді.

Енді бізге не істеу керек? Киелі кітап бізге мынандай жауап береді: Исаңың алдында біз өз күнәмізді мойындауымыз керек, сонда Ол бізді кешіреді және Құдаймен қатынасымыз қайтадан жақсарады. Біз болашақта қайтадан күнә жасамас үшін, Иса кейде бізді жазалауға мәжбүр болады. Ондай кездері Ол бізге жасап жүрген бұрынғы жақсылықтарынан бас тартады.

Бірақ, біз әрқашан Исаға келіп, жасаған күнәмізді мойында, оның кешіргені үшін, ризашылық білдірсек, онда Оның бізге деген мейірімін қайтадан сеземіз. Бұл сенің әлде бір қылышың үшін, ата-анаңың жазалағанына ұқсайды. Ондай кездерде сен де, ата-анаң да қамышып қаласындар. Бірақ, бәрі орнына қайта келген соң, жүректерің қуанышқа қайта толады.

Бірде-бір адам күнәні кешіре алмайды. Бұл тек Құдайдың қолынан келетін нәрсе. Құдайдың айтуыша, біз оған бара аламыз және баруға тиістіміз. Өз күнәміз үшін Оған басқа біреуді жібере алмаймыз, Ол Өзінің алдына өзіміз барғанды тілейді.

Оқу үшін: Жоханның бірінші Хаты 1:8 – 2:3.

- Сұрақтар:*
- Егер Құдайдың баласы күнә жасаса ол не істеу керек?
 - Кейде Құдай бізді қалай жазалайды?
 - Ол бізді неге жазалайды?

Дүс:

Біздің Аспандағы Әкеміз, біздің күнәміз кешірілетіндіктен Саған сонша ризамыз. Қандай да болмасын күнә жасасақ өзің кешіресің, бірақ Өзінен кешірім сұрауды әрқашан ұмытқызыба? Сенің бізге деген осындан махаббатың үшін алғыс айтамыз. Әумин.

32. БІЗ КЕЙДЕ НЕГЕ ЖАЗАЛАНЫМЫЗ КЕРЕК?

Сен қалай ойлайсың, егер сенің ата-анаң сені жазаласа, онда олар қатыгез болғаны ма? Эрине, жоқ! Керісінше, олар Құдайды тыңдайды, Оның кінәлілерді жазалау керек деген сөзін мұлтіксіз орындаиды. Киелі кітапта: жазалау бізге ұнамауы мүмкін, бірақ ол тәрбие үшін керек, – делінген. Балалар ата-анаңын тыңдағаны жөн, егер олар тіл алmasa, онда әке-шешесі жазалауы керек.

Жазалау қатты көмектеседі. Егер сенің ойында, тағы бір жаман іс болатын болса, онда сенің бұрынғы

тартқан айыбың есіне түседі де, сені тоқтатады. Айып тартқанымызға қарай, біздің Құдайды тыңдамай қанша рет ренжіткеніміз де есімізге түседі.

Тілазар баланы жазаламасақ не болады? Мұндай балалар өз ата-анасының айтқанын көнілі ауғандағанда істейді; олар мұғалімдерін де тыңдамайтын болады, келе-келе занға мұлде бағынбай кетеді. Ешқашан жаза көрмеген балалар қауіпті қылмыскер болып шығуы мүмкін, себебі олар өз бетімен кетіп, басқа адамдар туралы ештеңе ойламайды.

Міне, көрдің бе, сенің әке-шешең сені жазалағанда саған еш жаманшылық ойламайды. Олар саған басқа адамдардың игілігі мен құқы туралы, және Құдай сенен не күттептін ойласын деп көмектеседі. Құдай сенің тек өз айтқанының болуын тілемейді. Жазалану саған келешектегі өміріңде кездесетін көптеген ауыртпашиштықтардан құтқарылуыңа көмектеседі.

Бірақ, бәрінен бұрын ата-ананы, ұстазды тағы басқалардың айтқанын тыңдалап үйрену керек, егерде біз олардың сөзіне әлден күлақ аспасақ, онда кейін Мәсіхті де сыйламайтын болып шығамыз. Егер ата-аналарымыз бізді бірденелер үшін айыптаса, онда тек Исаңы бұдан да жақсы қоруге, және оның әмірін орындауға шақырғаны. Ата-аналарымыздың айтқанының орындау арқылы, біз Құдайды тыңдауға да үйрениміз.

Сондықтан, өз баласын жазаламайтын ата-ана оларға келешкete зиян жасайды. Келесі жолы, әке-шешеңнен алған айыбыңа өкінбе, оның орнына айтқандарын болашақта тез орындауды ойластырып.

Кімде-кімнің бау-бақшасы болса, үнемі арам шөп-

термен күресу керек екенін біледі, себебі, еккен өнімді қажетсіз шөп басып кетеді.

Біздің жүргегіміз де бау-бақша сияқты. Сондықтан ата-аналарымыз сол арамшөптерді жұлғаны үшін біз алғысымызды айтуымыз керек.

Оқу үшін: Ефестіктерге Хат 6:1-9.

Сұрақтар: 1. Неліктен жаза біздің пайдамызға жарайды?

2. Балалар жазаланбаса не болады?

3. Сен қалай ойлайсың, егер сен ата-анаңды тыңдауды үйренсөн, Құдайды да тыңдауға шаман келе ме?

Дүра: Құдіреті күшті Құдай, біздің аспандағы Экемі! Біз Сенің Экеміз екенінді білеміз, сондықтан да, егер теріс жүрсек, кейде бізді жазалағаның дұрыс. Жасаған қатемізді қайталамауға көмектес. Біз мұны Исаңың атынан сұраймыз. Эумин.

33. ҚҰДАЙДАН ХАТ

Сен, әкем Африкада жүр деп ойлашы: сонда ол сенімен сөйлесе алар ма еді? Жоқ. Себебі, ол тым қашықта: сен оны көре де алмайсың, тек телефон арқылы болмаса дауысын ести де алмайсың. Бірақ, оған қарамай, мысалы, оның сенен не тілейтінін білуге мүмкіндік бар. Ол оны хат арқылы жаза алады.

Құдай сенімен сейлескісі келетінін елестетіп көрші. Егер ол үшін Өзі келсе, онда сен Оның құдіретіне шыдай алмас едің! Бірақ, ол сенімен басқаша сөйлесе алады: Ол саған ұзак хат жазады да, сен оны оқи отырып, Оның не айтқысы келгенін білесің. Бұл хат Киелі кітап болып саналады. Ол Құдай туралы, Оның ісі мен сенен не күтетіні жайлы көп әңгімелейді. Сен ол хатты оқыдың ба? Құдай оны жазғанда, Оған қарындаштың да, қаламның да және басатын машинканың да керегі болған жоқ. Ол Өзін шынымен жақсы көретін адамдарды іріктеп алды да, солар арқылы, әр түрлі хаттар жаздырды, сол хаттардан Киелі кітап құралды. Сол адамдарға көмекші ретінде, Құдай кейде оларға тұс карсетіп, сол арқылы болашақты елестетті. Саның берін олар жазып отырды. Ол жазылғандардың жойылып кетпеуіне де Құдай жағдай жасады. Киелі кітап бізге осылай жетті. Құдай Сөзін хатқа түсірген адамдар кейде Құдайды қалай жақсы көргенін, Ол туралы не ойлайтындарын да жазды. Солардың бірі Дәүіт патша еді. Ол жазған көптеген діні өлеңдер Киелі кітапта бар.

Ал, кейбіреулері өзінің, немесе достарының бастан

кешіргендерін жазды. Олар мұны жазған кезде, оны жаздыруышы Құдай екенін білмеген болулары керек. Киелі кітап жазылғалы қанша уақыт өткенін білесіндер мे? 1500 жылдан астам. Бізге осында хат қалдырған Тәңір неткен мейірімді! Хат арқылы біз енді аспан, Иса және Оның бізге деген сүйіспеншілігі жөнінде көп нәрсені біле аламыз. Егер сен бір досына хат жазып, ол оны оқымай қойса, оған не дер едің? Мениң ойымша, сен қатты ренжіп қаласың. Саған арналған бұл хатты сен де оқымай қойсаң, әрине Құдай да ренжиді. Сондықтан Киелі кітапты оқу аса қажет. Мүмкін оның көп жері түсініксіз шығар, бірақ зейін қойсан, біразын ұғасың, ал ессең келе, түсінетін жерің көбейе береді.

Егер сен денсаулығың мықты, әрі құшті болсын десен, онда тамақтанып, ішіп, жеуің керек. Сол сияқты Сен Тәңірді біліп өскің келсе, онда Киелі кітапты оқуың керек.

Оқу үшін: Тимофейге арналған екінші Хат 3:14-17, 4:1-2.

Сұрақтар: 1. Досынмен сөйлеспей, оған бірдецені қалай айтуға болады?
2. Құдай Өз Сөзін бізге жеткізу үшін қандай жол таңдап алды?
3. Құдайдың саған арнап жазған хатын сен оқисың ба?

Дүра: Біздің Аспандағы Экеміз, біз Саған хатың үшін, Киелі кітап үшін рақмет айтамыз.

Онда айтылғандарды орындауға бізге көмектес. Ол біздің жолымызға жарық болсын. Біз мұны Иса Мәсіхтің атынан сұраптыймыз. Эумин.

34. КИЕЛІ КІТАПТЫҢ ДҮРЫС ЕКЕНИН СЕН ҚАЙДАН БІЛЕСІН?

Киелі кітап Құдай туралы айтатындықтан, әлемдері ең маңызды кітап болып саналады. Бұл кітап басқа кітаптардың бірде-бірінде айтылмағанды, мысалы: Құдай қалай дүниені және ең бірінші адамды жаратқанын айтады. Ешкім оны көрген жоқ және оған мүмкіндігі де болған жоқ. Егер Құдай осының бәрін Киелі кітрапта айтпағанда, біз ештеңе білмес едік.

Кейбір адамдар, біз әлемді кім жаратқаның өз көзімізben көрмегеннен кейін, оны Құдай жаратты дегенге қалай сенеміз, – дейді. Олар Киелі кітапта да сенбейді. Адамдардың Киелі кітапты дүрыс түсінуіне қалай көмектесуге болады?

Киелі кітапта айтылған көп оқыбалар, ол оқиға әлі болмай тұрған кезде жазылған. Киелі кітапта көптеген оқыбалардың болғанын және болатындары алдын ала жазылған. Онда Иудея халқының Палестинадан қуылатыны және Құдай оларды қайтадан қайтаратыны айтылған. Бұның бәрі біздің заманымызда орын-

далып жатыр. Соларды өз көзімізben көргендіктен, Киелі кітаптың дұрыстығына сенеміз. Киелі кітапта бұдан көп ғасырлар бұрын өмір сүрген патшалардың есімдері аталады. Киелі кітапқа сенбейтін адамдар мұндан патшалар болған емес, мұның бәрі ойдан шығарылған дейді. Көптеген ғалымдар археологиялық қазбалар арқылы Киелі кітапта жазылғандай сол уақытта, сол елде аталған патшалардың өмір сүргенін дәлелдеді.

Киелі кітаптың шындығына ең сенімді тағы бір мысал бар: Киелі кітапта біздің күнөміздің қалай кешірілетіні мен өміріміздің қалай өзгеретіні де жазылған. Эрдайым, кімде-кім Құдайға сиынса, онда ол өз өмірінің қалай өзгере бастағанын байқар еді. Бұл Киелі кітаптың дұрыстығын дәлелдейтін сенімді айғақ.

Сондықтан біздің өмірімізді Исаның басқаруы ең маңызды мәселе, әйтпесе, біздің достарымыз Киелі кітапта жазылған шындыққа бәлкім сенбес еді.

Оқу үшін: Петірдің екінші Хаты 1:16-21.

- Сұрақтар:*
1. Әлем жаралғанда кім болған?
 2. Осының бәрінің қалай болғанын айта алатын бұл Жалғыз, кім?
 3. Бұл жөнінде Құдай бізге қай жерде айтады?
 4. Киелі кітапта жазылған, алдын ала болатын нәрссенің біреуін айтшы?

Дүра: Біздің аспандағы Экеміз, біз Сенің мәңгі жасағаның үшін рақмет айтамыз? Киелі кі-

тапта жазылғанның бәрінің шындық екенине де ризамыз. Бізге оны дұрыс оқу мен түсінуге көмектес. Әумин.

35. ЕГЕР БІЗ КИЕЛІ КІТАПТЫ ОҚЫМАСАҚ НЕ БОЛАДЫ?

Киелі кітапты оқу және онда жазылған нәрселерді орындау қажет пе? Әрине, қажет! Кейбір адамдар Киелі кітапты оқу мен онда жазылғандарды орындау, міндепті емес деп ойлады. Олар өздеріне керек нәрсенің бәрін білеміз, –деп есептейді. Олар Құдайды түсіну оп-оңай нәрсе емес екенін білмейді. Киелі кітапты оқымаған адам Құдайдың қунәні жек көретінін қайдан түсінсін? Иса олардың қунәсін Өз мойнына алып, өлгенін, Киелі кітапты оқымаған адам қайдан білсін?

Әрине, біз ғұлдерге, ағаштарға, табиғатқа қарап, Құдай жөнінде кей нәрселерді білуімізге болады. Солардың бәрі Құдайдың ұлылығын көрсетеді. Құн, ай және жұлдыздар Құдайдың ұлылығы мен құдіреттілігін көрсетеді. Оның бізді жақсы көретіндігін, біз тек Киелі кітап арқылы ғана білеміз.

Біз Киелі кітапты түгел оқып, онда айтылғанның бәрін орындауға тиістіміз. Киелі кітапты оқыған кезде, оның кейбір тараулары бұдан көп жылдар бұрын өмір сүрген адамдарға арналып жазылғанын көреміз.

Мысалы, израилдіктерге құрбанға мал шалу үшін, құрбан шалатын жерді қалай салу керектігі жазылған. Құдай сол құрбан шалу арқылы олардың құнәсін кешем деп ойлаған. Бұғінгі құндерде олай етудің керегі жоқ, себебі, Құдайдың құрбандық қозысы (Агнец) – Иса барлығымыз үшін құрбан болып, айқыш ағашта қайтыс болды. Бізге енді басқа құрбандықтың қажеті жоқ. Киелі кітапта жазылған нәрселердің кейбірін бұғінгі құндерде орындаудың қажеті болмаса да, оларды оқу бәрібір пайдалы және өнегелі. Себебі, онда Құдайдың болашақ жоспары, Оның маҳаббаты және Мәсіх жайлы айтылған. Сондықтан Киелі кітаптың барлық жері маңызды, оны оқып үйрену керек. Киелі кітапты бұғінгі оқығаннан зердемізге не тоқыдық деген сұрақты өзімізге құн сайын қоюымыз керек. Екіншіден, біз сақ жүруіміз керек және кейбір оқыған жерлерден секем алуымыз керек: „Е, мұның маған қатысы жоқ екен. Бұл сірә басқа біреуге арналып жазылған, – деген пікірден аулақ болуымыз керек. Киелі кітап саған арналып жазылған. Сондықтан, сенің ықыласың бар ма, жоқ па, мәселе онда емес, сенің міндептің Құдайдың Киелі кітап арқылы айтқанын орындау. Киелі кітапта жалғандық бар деп ойлама. Онда жазылғандардан бас тартпа! Біз Киелі кітаптың сезіне ештеңе қоспауымыз да, ештеңені алып таста-мауымыз керек.

Оқу үшін: Жырл. 118:9-16.

Сұрақтар: 1. Киелі кітапсыз біз Құдай жөнінде не біле аламыз?

2. Құдайдың қандай ерекше қасиетін біз тек қана Киелі кітаптан білеміз?
3. Киелі кітаптың құрбан шалу туралы жазған жерлерін біз орындауымыз керек пе? Қандай себептен оның қажеті жоқ?
4. Неліктен бұл жерлері бізге сөйте тұра маңызды.

Дұра:

Қымбатты Иса, біз Саған Қасиетті Сөзің – Киелі кітап үшін ризамыз. Сенің Киелі кітапта біздің күнәміз кешіріледі дегенің үшін рақмет айтамыз. Сен бізге Киелі кітапты күнделікті оқуға және өсияттерін орындауға көмектес. Әумин.

36. ҚҰДАЙ МЕНЕН НЕ ТІЛЕЙДІ?

Құдайдың баласының ең басты істейтіні – ол Құдайдың тілін алу. Тек сонда ғана нағыз бақытты болуға болады.

Мүмкін сен: „Құдай менен не тілейтінін мен қайдан біле аламын?“ – деп таң қаларсың. Бұған жауап алу үшін сен өзің осы жайында Құдайдан сұрауың керек. Бірақ Ол жауап бере ме? Иә. Ол саған қуана жауап береді. Бәлкім, саған алғаш рет Құдайға сұрақ қою және Оның қайтарған жауабын есту қыын да

болар. Әке-шешендеңі сен күнде көріп, айтқандарын естіп, олармен сойлесе аласың. Ал Құдайды біз көре де, ести де алмаймыз. Сонда Оның қандай тілегі барын қалай білеміз?

Бұл сұраққа жауап беру қыын емес. Мысалы, өте алыста тұрган адамдардан қалай хабар алуға болады? Бұл жайлы, хат арқылы, –деп бұрында айтқанбыз. Хат тасушы хатты әкеліп берген соң, сен оқып, хат жазушы адамның не ойлайтынын және саған не айтқысы келгенін білесің.

Құдай бізге ұзақ хат жазды: ол – Киелі кітап. Егер біз оны оқи бастасақ, басқа хаттардан оның айырмашылығын білу қыын болмайды. Жай хаттардан ол әлдеқайда ұзақ, әрі қызығылықты. Онда Құдай бізден нені қүтетіні және нені жек көретіні түгел жазылған. Сондықтан бізге Киелі кітапты оқу өте қажет.

Құдай бізден не тілейтінін, басқа жолмен де білдіре алады. Ол біздің тура жолмен жүріп және ешкімге қатыгездік жасамауымызды тілейді. Әдетте, ненің жақсы, ненің жаман екенін өзіміз де білеміз.

Құдай бізге егер, жамандық ойлап теріс жолға түссең, онда бақытсыз болатынымызды және өкінетінімізді білдіретін сезім берген. Егер сен бірнәрсе жасағың келіп, жүргегің мазасызданса, онда Құдай сенімен сойлесіп, сені күнәдан сактап қалғысы келіп тұрғанын біл. Бұл сезім – Құдай Сөзі және ар-ұжданың.

Құдай бізден не қүтетінін және оны қалай тыңдауға болатынын білудің басқа да жолы бар! Ол жайында ата-анаңнан, немесе Мәсіхті кім жақсы көрсө, содан сұра?

Егер сен анық Мәсіх жолын қуушы болсаң және Иса Мәсіхті сүйсөң, егер сен Құдайға құлдық ұрып, Ол күткеннің берін жасасаң, онда, сөз жоқ, Өзіне не керегін Құдай саған білдіреді.

Oқы үшін: Бастау 24:34-48.

- Сұрақтар:*
1. Сен Құдайдан қандай сұраққа жауап алғың қеледі?
 2. Құдай саған жауап беру үшін періштенің көмегін сұрай ма?
 3. Құдайдың сенен не тілейтінін білдіретін, бірнеше тәсілін айт?
 4. Құдай біз дұға оқығанда әрқашан бізді ести ме?

Дұра: Құдіреті күшті Құдай, өзінің бар үмітін Сенің Ұлың Иса Мәсіхке артқан адамдарың Әкесі. Сен біздің бар сұрақтарымызға жауап бергенің үшін, Саған рақмет айтамыз. Өзің бізден не тілегенінді түсінуге көмектескенің үшін, Саған рақмет айтамыз. Сенің тілегінді осы өмірде орындауға балаларыңа көмектес. Әумин.

37. МӘСІХ ЖОЛЫН ҚУУШЫЛАР НЕГЕ ӘРҚАШАН БІРЛІКТЕ ЕМЕС?

Бірде ана екі ұлына: „Сендер нан сатып әкеліндерші, мен оған дейін бақшаға барайын“, – деді. Балалар велосипедкө мінді де, дүкенге кетті. Олар нан сатып алар кезде, қандай нан алу керек екенін білмей, біраз дауласты. Бірі, – шешем ақ наңды, екіншісі-қара наңды жақсы қөреді, – деді. Олардың бүйтіп қызыл кенірдек болғандарына мұны көрген жүрт бастарын шайқады.

Киелі кітаптың да кейбір жерлерін оқығанда осындаі талас пікір болады. Мысалы, біз Киелі кітапта Мәсіх жолын қуушылар шоқынуға тиісті, – деп оқимыз. Сонда шоқынуға тиісті деген не? Қөптеген Мәсіх жолын қуушылар бұл жөнінде әр түрлі пікірде. Кейбірі кішкентай сәбілерді шоқындыру керек деп ойлайды, ал қайсыбірі, Иса Мәсіхті өзінің Құтқарушысы ретінде санаған, есейген адамды шоқындыру керек деп санайды. Кейбірі шоқынғанда суды басынан құю көрек десе, енді бірі өзін суға батыру керек деп санайды.

Тәнір кеші (Вечерня) жөнінде де әр түрлі пікірлер бар. Соңдықтан адамдардың пікірі әр алуан болғандықтан, олар әр түрлі шіркеулерге барады. Біреулері өзін баптист деп, басқалары лютеран немесе католик деп санайды, және басқа да діни сенімдер бар.

Бірақ шіркеулер әр түрлі бағытта болғандарымен, олардың ортақ бір-ақ нәрсесі бар: өздерін Мәсіх жолын қуушы деп санайтындар, біздің күнәмізді кеші-

ріп және құтқаратын жалғыз Иса Мәсіх деп сенеді. Бұлдең бастысы.

Сонымен, әр түрлі шіркеулердегі адамдардың әр түрлі пікірлері болғанымен, олар Құдайды сүйеді және Оған шын ниетімен беріледі.

Сондай-ақ, Киелі кітапқа сенбейтін және оның айтқандарын орындамайтын, сонымен қатар, маңызды мәселелер жөнінде Мәсіх жолын қуушыларға қосылмайтын шіркеулер де бар. Бұлар, әрине, ақиқат шіркеуі емес. Ондай шіркеуге баратындардың көпшілігі Мәсіх жолын қуушылар емес және олар Иса Мәсіхтің өздері үшін өлгенін білмейді. Иса Мәсіхті үағыздайтын нағыз шіркеуге баратындардың ішінде, өздерін Мәсіх жолын қуушы санағанымен, Мәсіх жолымен жүрмейтіндер де бар. Олар өздері үшін Иса Мәсіхтің өлімі не екенін түсінбейді. Олар шіркеуге бір кездері ата-аналары барған соң ғана барады, аспанға кетуге тек осы жеткілікті деп санайды. Біз мұндай адамдарды дұрыс жолға салу үшін Құдайға сиынып жалбарынуымыз керек.

Оқу үшін: Румдіктерге Хат 14:1-13.

- Сұрақтар:*
1. Біздің әңгімеміздің басында екі бала не үшін дауласты?
 2. Мәсіх жолын қуушылардың әр түрлі пікірде болатыны туралы бірнеше мысал келтір?
 3. Мәсіх жолын қуушыларды біріктіретін ортақ мұdde nedе?
 4. Шын Мәсіх жолын қуушы деп кімді айтуда болады?

Дүре: Құдіреті күшті Аспандағы Әкеміз, Өзіңе сиынып жүрген тілалғыштарға деген мейіріміңнің көп болғаны үшін, Саған рақмет айтамыз. Сенің Сөзінді есте ұстауға, Мәсіх жолын қуушылардың діні туралы басқаша пікірдегілерге шыдамды болуға көмектес. Эүмин.

38. КЕШІРУДІҢ МАҒЫНАСЫ НЕ?

Иса бізді ренжітетін немесе жек көретін адамдарды кешіруге үйретеді. Кешіру дегеніміз – саған әділетсіздік жасаған адамға кек сактамау.

Егер сені біреу ұрса не істейсің? Сен де оны ұрасың ба? Егер сен оны кешірмесең ше. Киелі кітапта, бізге қатыгездік жасаған адамдарды кешіру туралы көп айтылды.

Иса Мәсіх біз өз жауларымызға қалай болуымыз керек екенін, Өзінің үлгісімен көрсетті.

Бір күндері бір миссионер* елге Исаны үағыздады. Кенеттен біреу жасырынып келді де, оны ұрып жіберді. Тындаушылар бұзақыға ыза болып, оны ұстап алды да, полиция шақырып айдатып жібермекші болды, осы кезде әлгі миссионер:

– Керегі жоқ! – деп айқайлады.

Жұрт оған таң қалды.

– Ол сізге қастық жасады фой, сол үшін оны жазалау керек.

– Жоқ, – деп қайталады миссионер. – Мен әлгінде айтқан Иса, маған өзінді ренжіткен адамға да мейірімді бол, – деп тапсырды.

Сонан соң ол жәбірлеушіге бұрылды да:

– Мен сізді кешірдім, Бірақ есіңізде болсын, сіз ол үшін Мәсіхке қарыздарсыз, – деді.

Мұны естігендер өз құлақтарына өздері сенбей қалды. Олар Исаны таңқаларлық Адам екен деп ойлады да, ол жөнінде тереңірек білгілері келді.

Егер миссионер әлгі адаммен айқайласа кетсе не болар еді? Жұрт одан соң оның сөзіне құлақ, аспас еді. Егер миссионер басқа біреу сияқты онымен керілдесіп жатса, онда олар Мәсіх жолын қуушылар дініне сенуші мен сенбеушінің арасындағы айырмашылық көп емес деп ойлар еді.

Егер сені әлдекім ренжітсе оған не істеу керек екенин білесің бе? Өкпелеу мен ашулану оңай, бірақ саған Иса ашының мен өкпенді басуға көмектеседі. Бұған біз Исадан қуат алыш, Оның бізден мәңгі бірге екендігіне қуанамыз. Ол бізді шыдамдылыққа үретеді, соның арқасында, біз өзімізге жамандық жасағандарды кешіре аламыз, Мәсіх оларды да дәл бізді жақсы көргендей жақсы көреді.

Оқу үшін: Матай жазған Ізгі хабар 18:21-35.

Сұрақтар: 1. Өзінді ренжіткен адамға сен қалай қарайсың?

2. Егер біз кешірсек, онда ренжіткен адамға біздің кегіміз бар ма?

3. Бізді ренжіткен адамды неше рет кешіруге болады?

Дұға:

Біздің Аспандағы Әкеміз, біздің күнэмізді кешіргенің үшін рақмет айтамыз. Сен бізді сонша рет кешірдің. Бізді ренжіткендерді кешіруге үйрет. Оларды жақсы көруге және Сен туралы айтуға көмектес. Әумин.

* Миссионер шіркеуде басқа діндегілердің арасында өз дінін үағызыдаушы адам.

39. СЕНИҚ СЫЙЛЫҒЫН

Иса саған сыйлық дайындал қойғанын естідің бе? Бұл қандай сыйлық? Ол жөнінде менен сұрама, мен білмеймін. Бұл саған күтпеген сыйлық болсын.

Біз бұл сыйлықты алуға тиісті емеспіз, себебі, үнемі бірдеңелерді бұлдіріп, қайырымысыздық жасап, күнәға батып жүреміз. Бірақ, Иса Мәсіх ондай сыйлықты алуға әбден лайық және оны бізден бөліскісі келеді. Ол бізден бір-ақ нәрсөні күтеді, біз өз өмірімізден оған қашшалық риза екенімізді көрсетуді күтеді.

Бұл ризашылығымызды біз жер бетінде жасаған жақсы іс арқылы көрсете аламыз.

Біздің қалай өмір сүретініміз сондықтан өте маңызды. Біз жер бетінде қысқа өмір сүреміз. Мүмкін бізге 60 пен 70 жас көп көрінетін шығар, бірақ бұл мәңгілікпен салыстырғанда өте қысқа, ал Құдайдың балалары мәңгі өмір сүретінін білеміз. Бізді құтіп тұрган басты сыйлық – ол Мәсіхпен мәнгілік қатынаста болу. Мәңгі өмірге барғанда бұл сыйлықтан қуралақан қалу – үлкен өкініш. Бірақ ол кезде кеш болады. Ал қазір уақыт бар. Сенің бар өмірің алдыңда, сен оның берін тұтас Мәсіхке арнауыңа болады. Тәңір үшін өмір сүрге бала күніңнен бел буғаныңа сай, күндердің күніңде бақытқа бөлөнесің.

Біз аспанға барғанда, Мәсіх біздің бар істеріміз жазылған кітапты ашады да, бізді не үшін және қалай сыйлауды шешеді. Сол сәтте небір құтпеген істер де болады. Кейбір адамдар, – Құдайға көп нәрсе жасадық, – деп ойласа да, оларға түк жазылмағанын көреді, себебі, олар Құдайды шын жақсы көрмеген. Ал түк құтпегендер сыйлық алады. Біздің алдыңызда өзімізді не құтіп тұрганын білмейміз, бірақ бізді құтқарғаны үшін Мәсіхке игілікті істерімен ризашылығын білдірген адамдар мұратына жетеді.

Оқу үшін: Корынтықтарға бірінші Хат. 3:11-17.

Сұрақтар: 1. Аспанда бізді қандай басты сыйлық күтеді?
2. Бұл сыйлықты бізге кім береді?
3. Бұл сыйлық кімге беріледі?

4. Мәсіх сені құтқарғаны үшін Оған ризашылығынды қалай білдіресің?

Дүра:

Қыбатты Isa, бізге аспанда сыйлық да-йындағаның үшін Саған рақмет айтамыз. Өзінді сүнеге, қайырымды болуға, мадақтауға көмектес. Адамдарды әрқашан өз істерімізben қуантуға, сол арқылы Сені мадақтауға бізге күш бер. Әумин.

40. ТӘҢІР KYНI

Жексенбі – ерекше күн. Бұл күнді Құдай бізге әр түрлі шаруалардан босап, апта бойғы жұмыстан дем алу үшін жаратты. Жексенбіде біз – мектепке бармаймыз, ата-аналарымыз – жұмысқа бармайды. Оның есетіне, бұл күні достарымызben шіркеуге барып, Құдайдың барлық жасаған жақсылығы үшін рақмет айтамыз. Егер жексенбілік намаз болмағанда бізге Құдайды мадақтауға едәуір қызын болған болар еді. Құдай біздің басқа Мәсіх жолын қуушылармен қатынасып, солармен бірігіп, Өзіне ризашылық білдіруімізді тілейді. Бұл-біздің жексенбі күні жасайтын нәрсеміздің ең жақсысы. Сондай-ақ, бұл күні ата-аналардың да басқа күндерге қарағанда бала-шагаларына қарайтын уақыты көбірек.

Жексенбі күні біз басқа күнгіден гөрі Құдайды көбірек еске алып және оған қуанып рақмет айтуымыз керек. Егер бұл күні жұмыс істеп, яки футбол ойнасақ, онда мұны істеу оқай болмас еді. Киелі кітапта, – Құдай әлем мен одан басқаларды жаратқаннан кейін, жетінші күні дем алып, жексенбіні қасиеттеді, – дөлінген. Сондықтан еврей халқы сенбі күнін құрбан шалып, үлкен шіркеуде тойлаған. Құдай Израильге: „Қасиеттеп сақтау үшін сенбі күнді бақыла, – деп жарлық етті. Ал Мәсіх жолын қуушылар Мәсіх қайта тірілген күн деп, сенбінің орнына жексенбі күнін мейрамдайды. Біз бұл күні жиналып, Құдайды мадақтаап, Оған рақмет айтамыз және Мәсіх біз үшін өмірін қылып, біздің күнәмізді жуды, – деп, бұл қуанышты баршага жаямыз.

Оқу үшін: Ишайя 58:13-14.

Сұрақтар: 1. Жексенбі күні ең жақсы іс не?

2. Жексенбі-бір жетінің ішіндегі, біз Құдайға табынып және Оны еске алатын жағызы фана күн бола ма?

3. Құдай не үшін бізді, – жексенбі күні дем алсын, – дейді?

Дүра: Біздің Аспандағы Экеміз, бізге жексенбі күнді сыйлағаның үшін рақмет айтамыз. Бізге ол күнді жарқын өткізуге көмектес. Әумин.

41. СЕН ҚҰДАЙМЕН ТАТУСЫҢ БА?

Киелі кітапта, – жаастыру, – деген бір маңызды сөз бар. Мен саған осы сөздің мағынасын түсіндіргім келеді. Егер әлдекім сенің ойыншығыңды сындырса, онда оған сен қапаланаңың немесе өкпелейсің. Егер ол сенен бұл ісі үшін кешірім сұраса, онда сен оны кешіресің және еш ренжусіз қайта ойнап кетесің. Әдетте мұндай жағдайда: „Сенің ойыншығыңды сындырган баламен сен татуластың ба?“ – дейді.

Бірақ, адам сен кешірім еткеннен кейін де саған өштігін қоймаса, мұнысы оғаш нәрсе. Ол бұған қуанып, риза болуы керек қой! Бірақ, керісінше де болады: сен ол адамды кешіргенмен, ол бәрібір жаулық көзқараста қалады.

Мұндай нәрсе Құдай мен Оған сенбейтін адамдардың арасында да болады. Құдай адамдардың жаман қылығына ашуланды. Ал, кейін Иса олардың сол күнәсі үшін жан берді. Құдай сондықтан да адамдарға кешірім етіп, татуласты. Бірақ адам Құдаймен татуласпаса, өте жаман. Құдай оны кешірем десе де, ол Құдайды тыңдамайды. Адамдар Құдайға қарсы келіп, не істегілері келсе, соны істейді.

Ондай адамнан Құдай не қүтеді?

Адам өзінің қате істегенін мойындауы керек. Ол Құдайдан кешірім сұрауы керек. Егер ол бұлай істесе, онда Құдаймен татуласқанын бірден байқайды. Құдай оны бұрыннан сүйген, енді адам да Құдайды сүйеді. Қандай қуаныш. Адам мен Құдай татуласты.

Оқу үшін: Корыннтықтарға екінші Хат 5:17-21.

- Сұрақтар:*
1. Татуласу деген сөздің мағынасы не?
 2. Құдай сенің күненді қашан кешіргісі келеді?
 3. Құдай бізді кешіру үшін не істеу керек?
 4. Сен Құдаймен татусың ба?

Дүса: Қымбатты Аспандағы Әкеміз! Сенімен ренжіскенниң кейін өмір сүру қандай жа-ман. Сен бізге әрқашан мейірімдің. Сен бізді қатты сүйесің, сондықтан бізге де Өзінді сүюге көмектес. Біз мұны Сенен Иса Мәсіхтің атынан сұраймыз. Әумин.

42. ҚҰДАЙФА ҚҰЛШЫЛЫҚ ЕТУ ТУРАЛЫ

Құдайға үнемі құлшылық етудің маңызы не? Себебі, Құдай біздің басқа Мәсіх жолын қуушылармен кездесіп, бір-бірімізге Құдайдың бізге жасағанын айтп, соナン соң олармен бірге Өзінे құлшылық еткени-мізді тілейді. Егер біз Құдайға құлшылық етпесек, онда Оны сюю бізге әлдеқайда қыынға түседі. Құдай бізді қарым-қатынас жасауға мұқтаж етіп жаратқан.

Есінде сақта, егер сен Құдайға құлшылық етуге барсан, Ол сені Өзінің сүйіспеншілігі жайлы көбірек біл-сін және оны басқаларға да айтсын деп, жіберіп тұр. Сондықтан сен елдің айтқанын үқыпты тыңдал, олар-ға бөгет болмауың керек.

Құдайға құлшылық етуге барада Мәсіх жайлы еш-теңе білмейтін өзіңің балаларыңды ала баруың өте қажет. Сенің Иса жайында бейхабар достарың бар ма? Мүмкін сен оларды Құдайға құлшылық етуге шақы-рарсың? Онда Құдай оларды да қатты сүйетінін олар сонда білер еді. Балаларға уағыздаушыны ұзақ тыңдал отыру қыын. Бірақ үндемей отыру және жақсылап тыңдау өте маңызды. Кейде уағыздаушының айтып тұрғаны саған түсініксіз, болуы мүмкін. Ондай кезде отырып, ойлануыңа болады.

Егер сен сенбі құні ертең жексенбіде Құлшылық етуге баратыныңды есіңе түсірсөн, сен онда „Тәнірдің Сөзін көбірек түсінуге көмектес“, – деп дұға оқы! Мұндай жақсы дайындықтан кейін саған тыныш отыру қыын болмайтынына мен сенемін.

Оқу үшін: Еврейлерге Хат 10:24-25.

Сұрақтар:

1. Құдайға құлшылық етуге барудың мақ-саты не?
2. Құдайға құлшылық етуге барған кезде, басқа балаларға қандай көмегің тие алады?
3. Сенбі құні жексенбіде Құдайға құлшы-лық етуді ойлаудың маңызы неде?
4. Егер сен тыныш отыра алмасаң, онда саған Құдайға құлшылық етуге бару керек пе?

Дүса: Аспандағы біздің Әкеміз, басқа көптеген Мәсіх жолын қуушылар Сен жайлы айтатындары үшін Саған рақмет. Сен жай-

лы тәлім беретін уағыздаушылар болғаны үшін де рақмет. Оларға ақ батаңды бер және келесі жексенбіге дайындалуға көмектес. Бізге айтылғандарды түгел түсінуге көмектес. Эумин.

43. СЕН ЕР ЖЕТКЕНДЕ КІМ БОЛҒЫҢ КЕЛЕДІ?

Сен бұл жөнінде бұрын ойландың ба? Бұл өмірде мамандық, көп болғандықтан, мүмкін сен қайсысын таңдарыңды білмей жүрген де боларсын. Сен дәрігер, әлде инженер, не механик, не тігінші бола аласың. Бірақ, сенің кім болып шығатыныңды біліп отырған біреу бар. Ол – Құдай. Ол уақыт келгенде саған қандай мамандық тұра келетінін шын көнілмен айтады. Бұл жөнінде қайғырма.

Бірақ Құдай оны қалай айтады? Сенімен сөйлесуге онда көп мүмкіндік бар. Мысалы, Құдайдың саған берген талантты. Балалардың ішінде, тұма шеберлер бар, сондай-ақ бір шегені дұрыстап қаға алмайтындар да бар, біреулері әнді жақсы салады, қайберінің тіпті музыкаға еш икемі жоқ. Құдай сені дарынсыз етіп жаратса, онда Ол саған, мысалы, конструктор бол, – деп айтпайды. Мүмкін, Ол саған керемет талант берген шығар, сен скрипка мен пианинода шебер айнай-

тын музыкант боларсың. Мүмкін сен дәрігер, не жазушы болып шығарсың. Мүмкін, сен электрик болуды ұнатарсың, ал дәрігерлікті ұнатпауың мүмкін. Сондықтан Құдай сені дәрігер қылғысы келмейтінін сенің өз тілегің арқылы білдіреді. Эр түрлі мамандықты көз алдыңа келтіріп, соның қайсысы көбірек ұнайтынын ойша ойластырған жақсы. Сені өсken кезінде берінен де көбірек бір мамандық қызықтырады. Егер сен сұрасаң, мамандықты дұрыс таңдал алған-алмағандығыңды Құдай көрсетеді. Егер Құдайдан тілесен, сенің таңдаған мамандығың дұрыс па, әлде бұрыс па, Ол саған сездіреді. Кейбір ұл мен қыздар ер жеткендे кім болатынын жастайынан біледі, ал кейбіреуі окуды аяқтағанда ғана шешімге келеді. Кейде Құдай бізге алдың ала білдірмей, біздің өмір жолымызды таңдауды, ер жеткенше құттіреді. Ол мұны бізге уақыт жеткендे білдіреді, тек үмітінді үзбе!

Оқу үшін: Корынтықтарға бірінші Хат 12:12-31.

- Сұрақтар:*
1. Бізге қай мамандық ұнайтынын Құдай қалай білдіреді?
 2. Біз Құдайдан ақыл-кеңес сұрасақ, Ол бізді теріс жолға сала ма?
 3. Құдай әрқашан бізге балалық шағымызда бұл сұраққа жауап бере ме?

Дүға: Қымбатты Иса, Сен маған белгілі тапсырма дайындал қойғаныңды білемін, соны Сенің күрметіне орындауға дайынмын. Менің есейгендегі өмірдегі орыннымды көрсетуінді

өтінемін. Өз уақытым келгенде маған жолымды қорсететініңе сенемін. Әумин.

44. КІМНІҢ ҚҰДАЙМЕН СӨЙЛЕСУГЕ ҚАҚЫСЫ БАР?

Егер сен астанада болып, аяқ астынан мемлекет басшысымен сөйлескін келсе, сен онымен сөйлесе алар ма едің? Әрине, жоқ! Саған ерекше ұлықсат керек, өйткені оның басқа жұмыстары көп, сондықтан өзін көргісі келген адамдардың бәрімен жолығуға уақыты жетпейді. Мемлекет басшысының қабылдауында болу – ерекше құрмет, ол әркімге қорсетіле бермейді.

Құдай мемлекет басшысынан әлдеқайды жоғары, олай болса, Онымен сөйлесуге ешкімнің қақысы болмау керек. Бірақ бір таңқаларлығы сол – егер біз Оған барсақ, Ол әрқашан қуанышты, Ол бізді кез келген уақытқа шақырады. Өзіннің Жаратушымен кездесуін, әрине, қызық. Сондықтан да, Ол сені шақыра қалса, оған қатты қуанасың. Осы тіршіліктің бәрін Құдай жаратқан. Ол сенің тағдырынды да өз қолына алып, саған басшылық жасағысы келеді. Сені қабылданап тыңдауға Оның әрқашан уақыты бар. Сондықтан да сен Онымен кездесе аласың! Егер сен кездесуді тілесен, онда көзінді жап та, басынды төмен түсіріп,

Құдай сені қаншалықты жақсы көретінін ойла! Және Онымен барлық жайды айтып сейлес. Оған өзіңе деген мейірімі үшін рақмет айт. Содан соң сенің күнәң үшін, әлген Иса Мәсіх үшін де рақмет айт. Жылы киім, әке-шеше және достарынды бергені үшін де, мектепке барғаның үшін де рақмет айт, өйткені кейбір елдерде балалардың ондай мүмкіншілігі жоқ. Егер Оған қоятын өтінішің болса, онда асықпай айта бер. Сенің Одан тілерің болса, Ол тек куанады. Құдай сені ести ала ма? Иә, Ол сенің қасында тұрып, сенің не айтайын дегенінді, не ойлағанынды біледі. Тіпті саған ойындағынды айтпасаң да болады: Құдай сенің жүрөгінде не болып жатқанын біледі. Құдай сенің Оған келіп, әңгімелескенінді жақсы көреді. Өйткені сен Оның баласысың! Ол сенің Досың және Экен. Сондықтан да сен Оған өзіннің келелі мәселелерінді, мұнмұқтажынды тартынбай айт және Оның өзіңе деген махаббаты үшін ризашылығынды білдір.

Оқу үшін: Еврейлерге Хат 4:16.

- Шұрақтар:*
1. Кез-келген уақытта мемлекет басшысымен сенің сөйлесе алатын мүмкіншілігің бар ма?
 2. Құдайдың қандай да болсын министрден жоғары екенін түсіндір?
 3. Біз қаншама жиі келіп, Құдаймен сөйлесе аламыз? Неге олай?
 4. Құдаймен сөйлескенде, айтатын бірнеше нәрселеірінді айт.

Дүге: Аспандағы біздің Әкеміз! Біз Саған кез-

келген уақытта келіп өз мәселе мізді айта алғатындықтан рақмет айтамыз. Бізді Өзіңе сиынуға үйрет, Сенің ұлы және мейірімді екендігінді ешқашан ұмытпауға көмектес. Барлығы үшін Саған рақмет. Әумин.

45. ӨТИРІК

Құдайдың кейде сені жек көре білетіні, өзінді таң қалдырмай ма? Әдетте біз Құдай деген – ол сүйіс-пеншіліктің Құдайы деп ойлаймыз. Бұл шындық. Бірақ Оның да жек көретін нәрселері бар: мысалы, өтірік! Сондықтан да өтірік сөйлеуден аулақ болған дұрыс.

Құдай Өзінің балаларын ізгілікті болсын дейді, сонда олардың сөзіне түгелдей сенуге болады. Ол, айтқандарының бәрін орындастын балалар болса еken, – деп тілейді. Мысалы олар, бір құпияны айтпаймын деп уәде берсе, онда оларға қанша жалынсан да олар айтпауға тиісті. Ал біз үнемі шындықты айта берсек, кейде қинальып қалмаймыз ба? Әрине! Егер сен бір қате жіберіп, оны мойындасан, сені жазалауы да мүмкін. Бірақ өтірік айтқаннан гөрі әділ жаза алған жақсы. Шындықтың орнына сен өтірік сөйлесең, онда сен екі бірдей қателік жасаған болып саналасың. Құдай сені екі күнән үшін еріксіз жазалайды. Өйт-

кенше, әрқашан шын сөйлеп, ата-анаңдан ғана жаза тартқаның артық.

Шындықты айтатын ұлдар мен қыздар, өскенде елдің сеніміне ие болады. Олар жауапты жұмыс атқаратын болады, себебі жұрт оларға сенеді. Бірақ, кейде біз өтірік айтсақ, мақсатымызға тезірек жететін сияқты болып көрінеміз. Ол мұлде бұлай емес. Біз Құдайға сенуіміз керек. Егер біз адап болсақ, Ол бізге көмектеседі.

Оқу үшін: Еффектіктерге Хат 4:25, Колостықтарға Хат 3:9, Жохан жазған Ізгі хабар 8:44.

- Çұрақтар:*
1. Балалар өтірік айтса, кім қуанады?
 2. Кейде өтірік айту арқасында, адамдар мақсатына жетеді және оны ешкім сезбейді, сонда қалай, өтірік айтуға бола ма? Әлде жоқ па? Неге?
 3. Егер біз өтірік айтсақ, Құдай бізді кешіре ме? Егер біз өтірік айтқанымызды сезсек, онда не істеуіміз керек?

Дүға: Қымбатты Құдай, әрқашан Сен біздің қатемізді айттып отырганыңа рақмет айтамыз. Бізді кешір және әрқашан шындықты айтуда көмектес. Біз Сенің бізге жасаған жақсылығың үшін рақмет айтамыз. Әумин.

46. БАРЛЫҚ ТІРШІЛІК АТАУЛЫНЫ ЖАРАТҚАН КІМ БОЛЫП САНАЛАДЫ?

Сен саз балшық пен құмнан бір нәрсе жасап көрдің бе? Одан кәдімгі үй, не жануар шықса саған қызықты емес пе? Сен саз балшықтан тірі итті жасап көрдің бе? Эрине, жасай алмайсың. Тіріні тек Құдай фана жаратады. Ал, адамдардың тірі нәрсені жасау, қолынан келмейді.

Өмір қалай жаратылған? Бірінші ит қайдан келді? Жер қалай пайда болды? Киелі кітап бүл жөнінде өте қарапайым айтады: мұның бәрін Құдай біз үшін жаратқан. Оны біз фана білеміз. Ал, кейбіреулер мұны Құдай жаратқан емес, тіпті Құдайдың өзі де жоқ деп айтады. Олардың айтудынша, бұдан миллион жыл бұрын саз балшықтың бір түйірі болініп, жеке өмір сүре бастады. Бұлай ойлау не деген ақылсыздық! Ол адамдар өмірдің қалай пайда болғанын білмейді, және оны жаратқан Құдай емес дегенге сенеді. Киелі кітаптың айтудынша, Құдай әлемді жаратқан соң, адамды да жаратып, оған жан кіргізді. Адамға тек Құдай фана өмір бере алады.

Теңіз жағасында Андрей және Петір деген екі жолдас қызырып жүр еді.

— Осы әлемді жаратқан Құдай ма, әлде басқа ма, меніңше, біз оны ешқашан біле алмаймыз, — деді Андрей.

Кенет олар құмдағы адам аяғының ізін көрді.

— Бұл жерде таңертең біреу болған екен, — деді Андрей.

— Оны қайдан білдің? — деп сұрады Петір.

— Сен, немене, көрмей тұрсың ба? Міне, жерде адамның ізі жатыр, соны көріп айттып тұрмын.

— Көрдің бе! — деп қуана сөйледі Петір. — Енді біз де сол сияқты сенімді тұрде айтсақ: жерді Құдай жаратты, себебі, ағаш пен гүл, күн мен жауын Құдайдың қалдырған ізі, олар бізге Құдайдың Жаратушы екенін көрсетіп тұр.

Оқу үшін: Бастау 1:1-23.

Сұрақтар: 1. Эйтеуір бір адам тірі нәрсе жаратып көрді ме?

2. Аспанда жұлдыздар қалай пайда болды?

3. Не себептен кейбір адамдар оларды Құдайдың жаратқанына сенбейді?

Дүсін: Аспандағы біздің Әкеміз, сен бүкіл әлемді жаратып, бізге өмір сыйлағаның үшін біз Саған рақмет айтамыз. Сен бір күні бізді Өз қасыңа алып, Сенімен мәңгі бірге болатынымыз үшін Саған рақмет айтамыз. Біз осындаі мүмкіндік берген Иса Мәсих үшін де, Саған рақмет айтамыз. Эумин.

МАЗМҰНЫ

Құрметті ата-аналар!

1. Бір ғана Құдай бар	5
2. Құдай деген кім?	7
3. Құдай қайда пайды болған?	8
4. Құдайдың қайда екенін көрмесек, Оның бар екеніне қалай сенеміз?	11
5. Эке Құдай, Үл Құдай және Қасиетті Рух Құдай	13
6. Құдай адамды не үшін жаратқан?	15
7. Ұлы Жаратушы туралы айта түсейік	17
8. Перштерел	18
9. Шайтан деген кім?	21
10. Адам-ата мен Хаяу-ананың жаратылуы	23
11. Бұл әлемге күнә қалай келді?	25
12. Құдайдың ойында – күнәдан Құтқарушыны жіберу	27
13. Біздің мейірімді Қолдаушымыз	30
14. Егер Исафа, – тек менің ғана Құтқарушым бала гөр, – деп өтінсек не болады?	31
15. Иса мені не үшін құтқарды?	33
16. Егер мен жақсы болуға тырыссам, Иса мені құтқара ма?	35

17. Патшаның балалары	36
18. Иса дүниеге келгенге дейін қайда болған?	38
19. Сәби Исаның басқа балалардан қандай айырмашылығы болды?	40
20. Иса жасаған ғажайыптар	42
21. Иса Мәсіхтің өлуі	45
22. Исаның қайта тірілуі	47
23. Иса Өз Әкесіне қайта оралды	50
24. Иса тағы бір рет келеді	52
25. Қасиетті Рух	53
26. Мәсіх жолын қуушылардың теріс қылышқа жасауға қақысы бар ма?	56
27. Сенің жүргегінің тағында кім отыр?	57
28. Сенің жүргегінің тағында патша әрқашан болу керек	60
29. Жеміс беру	62
30. Адамның Құдайды жақсы көретінің қалай білуге болады?	64
31. Құдай баласы күнә жасаса не болады?	66
32. Біз кейде неге жазалануымыз керек?	67
33. Құдайдан хат	70
34. Киелі кітаптың дұрыс екенін сен қайдан білесің?	72
35. Егер біз Киелі кітапты оқымасақ не болады?	74

36. Құдай меннен не тілейді?	76
37. Мәсіх жолын қуушылар неге әрқашан бірлікте емес?	79
38. Кешірудің мағынасы не?	81
39. Сенің сыйлығың	83
40. Тәңір күні	85
41. Сен Құдаймен татусың ба?	87
42. Құдайға құлшылық, ету туралы	88
43. Сен ер жеткенде кім болғың келеді?	90
44. Кімнің Құдаймен сойлесуге қақысы бар?	92
45. Өтірік	94
46. Барлық тіршілік атаулыны жаратқан Кім болып саналады?	96

Кымбатты балалар!

*Бұл кітап жайлы пікірлерінді бізге білу қызығылықты.
Мына адреске бізге хабарласыңдар:*

*480114 Алматы – 114,
а/я 68
„Шығыс сәулеци“*